

● ПРЕЗИДЕНТ

БІРҚАТАР ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ

Елбасы Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышевті қабылдады. Кездесу барысында Мемлекет басшысы Ұлттық банктің 2015 жылғы есебін тыңдады.

Нұрсұлтан Назарбаев инфляция үдерістерін жыл аяғына дейін тұрақтандыру, Ұлттық валютаның айырбас бағамының күрт ауытқуына жол бермеу және екінші деңгейлі банктердің экономиканы несиелендіруін қамтамасыз ету қажеттігін айтты.

Д.Ақышев өткен жылдың Қазақстан экономикасы үшін оңай болмағанын, соған байланысты ақша-несие саясаты түбегейлі өзгертілгенін атап өтті. Бұл ретте 2016 жылы валюта, ақша және жалпы қаржы нарығында тұрақтану нышаны байқалып отыр. Ұлттық банк төрағасы орта мерзімді кезеңде ел тұрғындары мен кәсіпорындары үшін оң нәтижелер, соның ішінде несиелеудің жандануы күтіліп отырғанына назар аударды.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

● ҮКІМЕТ

БАРЛЫҚ ҰСЫНЫС КОМИССИЯ ҚАРАУЫНА ШЫҒАРЫЛАДЫ

Жер реформасы жөніндегі комиссия жанынан құрылған call-орталық бір апта ішінде 700 қоңырау қабылдаған. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінің брифингіне қатысқан ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Жер реформасы жөніндегі комиссияның төрағасы Бақытжан Сағынтаев мәлім етті.

— Елбасының тапсырмасымен құрылған жер реформасы жөніндегі комиссия өткен сенбіде өз жұмысын бастаған болатын. Сол бір апта аралығында атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет берейік деп отырмыз.

Өткен сенбідегі отырыста айтылғандай, Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан штаб құрдық, сол штаб өз жұмысын бастап кетті. Және комиссияның хатшылығы да өз жұмысын бастады. Қазір комиссия мүшелері айтып жатқан және қарапайым халықтан келіп жатқан ұсыныстардың барлығын штабта талқыланып, сенбі, 21 мамыр күнгі кезекті отырысымызда қорытынды шығарылады. Оған қоса, комиссияның call-орталығы жұмыс істейді. Телефон нөмірі — 1434. Бұл нөмірді де өткен сенбі күні жария еткенбіз. Содан бері, яғни, бір апта ішінде осы нөмір арқылы аймақтардан 700-ден астам ұсыныс қабылданды, — деп мәлім етті Б.Сағынтаев.

Жер мәселесіне қатысты ұсыныстардың барлығы комиссияның қарауына шығарылады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі және бұқаралық ақпарат құралдарында жазылып жатқан ұсыныс-пікірлердің барлығы қаралып жатыр. Әрбір адам осы жанды тақырып жайлы өзін толғандырған ойын жеткізе алады.

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ БІЗДІ БІРІКТІРУІ КЕРЕК

Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстық қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысы өтті. Отырысқа соңғы уақытта қызу талқыға түсіп жатқан жер мәселесіне қатысты пікірлерін білдірген қоғам белсенділері, саяси партиялардың облыстық филиалдары жетекшілері, қоғамдық ұйымдардың, ардагерлер мен жастар ұйымдарының басшылары, Ассамблея мен Азаматтық альянс мүшелері қатысты.



Елбасының «Жер» кодексінің қоғамда пікірталас тудырған бірқатар нормаларына 2017 жылға дейін мораторий жариялағаны, осы мәселені қоғам өкілдерімен бірге жан-жақты зерттейтін республикалық комиссия құрылғаны көпшілікке мәлім. Комиссия құрамына әр аймақтан өкілдер енген. Оған біздің өңірден облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы, белгілі ауыл шаруашылығы саласының маманы, кәсіпкер С. Имандосов мүше болды.

— Бұл кездесудің мақсаты — қалыптасқан жағдайды бірлесе отырып талқылау, пікірлер мен ұсыныстарды жинақтап, республикалық кеңеске ұсыну. Мемлекет басшысы бұл мәселені шешудің нақты жолын айқындап берді. Ендігі жұмыс — осындай кездесулер, республикалық комиссияның мүмкіндіктері арқылы «Жер» кодексіндегі дау туғызып отырған баптарды жан-жақты талқылап, келісімге келу. Әркімнің саяси көзқарасы әртүрлі болғанымен, жер мәселесі бізді екіге бөлмеуі керек, керісінше біріктіре түсуі тиіс, — деді облыс басшысы.

Жер мәселесіне қатысты барлық қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен бұған дейін де кездесулер өткізілді. Бүгінгі басқосу сол кездесудің жалғасы. Алдағы уақытта тағы жиындар өткізіледі. Осындай диалогтар арқылы жерге қатысты ойын білдіруге ынталы барлық адамның дауысын естіп, пікірін елеуге мүмкіндік беріледі. Айтылған ұсыныстар мен тілектер орталыққа жолданады. Өткен кездесуде С.Теңізбаев бірнеше ұсыныстарын жазбаша берген еді. Бұл ұсыныстар жер мәселесінің қайта қаралуына септігін тигізді. Республика көлеміндегі маңызды талқылауға Сыр өңірінің азаматтары да үн қоса алады.

— Кез келген мәселені өркеніетті жолмен шешуге болады. Біздің елде оған қажетті саяси ниет те, құрал да, жол да бар. Сондықтан көшеге шығып, айқай-шудың ортасында тұрып, ымыра іздеудің реті жоқ. Одан пайда болмайтыны анық, — деді облыс әкімі.

Басқосуда Жер туралы заңнаманың талаптары мен мораторий жарияланған баптары жайлы жер қатынастары басқармасының басшысы Ш.Койшыбаев хабарлама жасады.

Бес институтоналдық реформаларын жүзеге асыру аясында жарияланған «100 нақты қалам» бағдарламасында ауылшаруашылық жерін тиімді пайдалану үшін оларды нарықтық айналымға енгізу, жер телімдерін мақсатты пайдалану түрін өзгертуге рұқсат алу рәсімдерін жеңілдету қарастырылған.

Басқарма басшысы жер заңнамасына жаңадан енгізілген 4 нормаға жан-жақты тоқталды. Қазіргі қолданыстағы жер заңнамасына сәйкес елдің азаматтары мен заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері жеке меншікке де және жалға да беріледі. Ендігі жерде ҚР жеке және заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері тек жеке меншік құқығымен ауқ-

2-бет

Сыр бойы

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

21

МАМЫР СЕНБІ

2016 ЖЫЛ №74-75 (19160-19161)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЕЛ ӘЛЕУЕТІН ЕСЕЛЕЙТІН ЖОБАЛАР

Бейсенбі күні облыстық индустриалды-инновациялық даму және ішкі саясат басқармалары ақпарат құралдары өкілдеріне арнайы баспасөз турын ұйымдастырып, өңірдегі жаңа өндіріс ошақтарының жұмыстарымен таныстырды.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының бірінші кезеңінде Қызылорда облысында жалпы құны 82 млрд теңгені құрайтын 17 жоба іске асырылса,



екінші бесжылдықта аймақта жалпы құны 150,0 млрд теңге болатын 38 жоба жүзеге асу-да. Өнеркәсіптер іске қосылса, 4 мыңға жуық адам жаңа жұмыс орнымен қамтылмақ.

Өткен жылы 5 өнеркәсіп өз жұмысын бастады. Атап айтсақ, керамикалық, күйдірілген кірпіштер зауыты, үй құрылыс комбинаты, жарықтандыру шамдарын құрастыру өндірісі және құрама жем зауыты. Нәтижесінде 253 адамға жұмыс табылды.

Баспасөз туры осы жем зауытынан басталды, яғни, «Жан-Арай» серіктестігі агроөнеркәсіп кешенінің тыныс-тіршілігімен

таныстық. Нақтырақ айтсақ, былтыр мамыр айында серіктестігі пен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы бірлесе отырып, Қызылордала тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін және 150 тонна күріш салысын өңдейтін күріш ақтау зауыттарын іске қосты. Оған 6 милли-ард теңге қаржы салынды. Айта кетейік, мұндай агрокешен бұрын-соңды болмаған. Сондықтан, оны елімізде баламасы жоқ бірегей өндіріс деуге негіз бар.

Құрама жем өндірісі әлемдегі алдыңғы қатарлы германиялық «Петкус» компаниясының техно-логиясымен жабдықталған. Зауыт айына 2400 тонна жем өндіруге қауқарлы. Кәсіпорын өңірдің мал шаруашылығын қазақстандық 5 стандарт бойынша мал азығы жиынтығымен қамтамасыз ете алады. Осы уақытқа дейін құрама жемнің түрлері сырттан әкелінді. Алайда, ондай өнімнің бағасы қымбат болғандықтан жем ретінде (75 пайызға дейін)

құнары аз шөп пайдалануға мәжбүр едік. Енді өзімізде өндірілген жемнің бағасы арзан болғандықтан бұл мәселе шешілді, мал шаруашылығындағы өнімділікті арттыруға мүмкіндік туды. Зауыт директоры Мұрат Айменовтің айтуынша, аймақ шаруалары жы-



лына 60 мың тонна мал азығын тұтынады. Ал зауыт сол сұранысты қанағаттандыра алады. Бұған қоса, зауыт өндірілген өнімінің 40 пай-зын көрші Оңтүстік Қазақстан, Жам-был, Ақтөбе облыстарына шығарып

2-бет

● МӘСЛИХАТ

Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезекті 3-сессиясы өтті. Сессия төрағасы, депутат Райхан Ысқакова күн тәртібін жариялағаннан кейін алғашқы мәселе «Облыс бойынша мектеп алдындағы даярлық және балабақшалардың жағдайы және оларды жақсарту шаралары туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы №62 шешімінің орындалу барысы туралы облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы баяндама жасады.

Р.Кенжеханұлы балаларды мектепке дейінгі білім және тәрбиімен қамту мәселесі соңғы жылдары мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде күрт өскенін атап өтті. Қазіргі таңда облыста мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны 2012 жылмен салыстырғанда 259 бірлікке артып, 708-ге жетті, онда тәрбиеленетін балалар саны 17504-тен 46899-ға дейін көбейді. Жалпы жүйедегі жекеменшік балабақшалардың үлесі 65,1 пайызды құрады. 2015 жылдың өзінде жаңадан 97 балабақша ашылса, оның 91-і жекеменшік. Осының нәтижесінде 2015-жылғы облыс көлемінде 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі білім берумен 100 пайыз қамтуға қол жеткізілді. Республикалық көрсеткіш 81,6 пайыз. 2012 жылы бұл көрсеткіш бізде 75,2 пайыз болатын.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылданған 3-6 жас аралығындағы 28 399 балаға қажетті 8,3 млрд теңге қаржының 4,8 млрд теңгесі республикалық бюджеттен бөлінді. Қалған

3,5 млрд теңге қаржыны бөлу туралы Білім және ғылым министрлігімен келісім бар. 2012 жылы облыс көлеміндегі күрделі жөндеуді қажет ететін 43 балабақшаның 2013 жылы 6 балабақшаға, 2014 жылы 11 балабақшаға, 2015 жылы 5 балабақшаға, барлығы 22 балабақшаға күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, оларға облыстық және

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ЕРЕКШЕ КӨЗҚАРАС

жергілікті бюджеттен 622,9 млн теңге қаржы бөлінді. 2016 жылы 7 балабақшаның күрделі жөндеу жұмысына республикалық бюджетте 293,3 млн теңге қаржы қаралып отыр. Қалған балабақшалардың күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу кезең-кезеңімен жалғасатын болады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар мектепалды даярлықпен отбасында, балабақшада және мектеп жанындағы шағын орталықтарда қамтамасыз етілген. Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ата-ана-ларға арналған консультативтік пункттер, психолого-педагогикалық түзету кабинеттерінде арнайы мамандар жұмыс жасайды.

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес, жаңадан пайдалануға берілген балабақшалар тиісті штаттық бірліктермен және материалдық-техникалық құралдармен жарақтандыруға қажетті қаржымен қамтамасыз етілген. Осылайша, облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 6 желтоқсандағы «Облыс бойынша мектеп алдындағы даярлық пен балабақшалардың жағдайы және оларды жақсарту шаралары туралы» шешімінің негізгі бағыттары орындалып, облыстағы мектепке дейінгі білім

беру жүйесі айтарлықтай алға басты.

Облыс әкімінің орынбасары сонымен қатар, жаңа уақыт біздің алдымызға бұл салада да жаңа міндеттер қойып отырғанын жеткізді. Мәселен, облыстағы қарқынды демографиялық өсім алдағы 3 жылдың өзінде тек 3-6 жас аралығындағы балаларға арналған балабақшалар желісін кеңейтіп,

қосымша 10 300 орын ашуды талап етеді. Соның ішінде, 2016-2017 оқу жылында 3-6 жас аралығындағы мектепке дейінгі ұйымға болжаммен қамтылуға тиісті бала саны 46 714. Ал 2017-2018 оқу жылында 3-6 жас аралығындағы бала саны 50 171. Мұнан соң 2018-2019 жылы бұл көрсеткіш 55 436-ға жетеді. Осылайша болжам бойынша барлығы алдағы 3 жылда тек 3-6 жас аралығындағы балаларға қосымша 10 330 орын қажет болады.

Мұнан кейін депутат Шәкізада Әбдікәрімов балабақшаларға қатысты атқарылған жұмыстарды саралаған уақытша комиссияның атқарған жұмыстары жөнінде хабарлама жасады.

Күн тәртібінде белгіленген мәселелер толықтай талқыланып, тиісті шешімдер шығарылған соң аймақ басшысы сөз алды. Ол білім саласына қатысты Елбасы қойып отырған негізгі ерекше үш мәселені атап кетті. Оның біріншісі үш ауысымды мектептерді жою. Екінші апаттық мектептер мәселесін шешу. Үшіншісі 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиімен 100 пайыз қамту. 2020 жылға дейін Үкімет пен әкімдіктер осы мәселелерді толықтай шешуі тиіс.

2-бет

● БАСТАМА

ҚОЗЫ ЕТІН ӨНДІРЕТІН КЕШЕН

Сырдария ауданы Бесарық елді мекенінің аумағында 5 мың бас қой өсіруге арналған кешен және 10 мың бас малға арналған бордақылау алаңы мен жылдық қуаты 250 тонна қозы етін өндіретін комбинат салынып жатыр. Қазіргі таңда құрылыс қарқынды жүруде.

«Дәулет» серіктестігі жүзеге асырып жатқан жоба биылғы жылдың соңына дейін іске қосылады. Алаңның жалпы құны 300 миллион теңге тұрала. Бүгінде мұнда қойға арналған қора мен мың қозыны өсіретін «Модульдің» жұмысы аяқталған. Сондай-ақ, алаңда тәулігіне 20 тонна құрама жем шығаратын зауыт, қасапхана және жылы-жай орналасқан. Жылыжайда құнары мол өсімдіктер тын әдістермен өсіріледі.

Серіктестік басшысы Дәулет Сәрсенбаевтың айтуынша, қазір шаруашылықта 450 бас ет бағытындағы асыл тұқымды гіссар қойы бар. Бұдан басқа, маусым айына дейін Сарыағаштан тағы да 3200 бас қой әкелінбек. Жоба бойынша, екі-үш ай бойы бапталған, қон жинаған марка қозылар бордақыланып, еті нарыққа шығарылады. Сонымен қатар, кәсіпкер қозының терісін де қалғае жаратуды жоспарлауда.

Бұған қоса, шаруа қожалығы бау-бақша өсіруге де мән беріп отыр. Бүгінде 7 гектар жерге 2050 түп жеміс ағашын еккен. Жобалау ойдайғдай іске асса, Сыр өңірін ғана емес, басқа аймақтарды да шие, қара өрік, сары өрік, ақ алма, қызыл алма, жүзім секілді жемістермен қамтамасыз етпек.

Д.СЕЙІТЖАНҰЛЫ.

ХАБАРЛАМА

Қызылорда облысында «Жер» кодексінің түсіндіретін Call-орталық ашылып, жұмысын бастады. Call-орталықтың негізгі мақсаты – облыс тұрғындарына жер заңнамалары ережелерін түсіндіріп, жедел ақпарат беру. Қала және аудан тұрғындары 8 (7242) 400200 байланыс нөміріне қоңырау шалу арқылы өздерін қызықтырған сауалдарға толық жауап ала алады. «Шұғыл желі» күн сайын сағат 8-00-ден 20-00-ге дейін қызмет етеді.



● ТҰСАУКЕСЕР

ЖАСТАР ТЕАТРЫ ТЫРНАҚАЛДЫ ТУЫНДЫСЫН ҚОЙДЫ

Сыр жұртына сүйіншілеп айтатын жанаалық–Қызылорда қаласында Жастар театрының тұсауы кесілді. Өнер көгіне ұядан ұшқан балапанды қанат сермеген шығармашылық ұжым алғашқы қойылымына Қанат Жүнісовтің «Алғашқы махаббаты» таңдапты. Көрлік, көзайым болдық, Республикаға белгілі өнер майталманы, мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмаханов режиссерлік еткен кулкінама-спектакль көрерменнен оң бағасын алды, қошеметке бөлінді.

Жастар театры қалай құрылды? Бұл сұрақты жана ұжым жетекшісі, режиссері Оңталап Дүйсенәліұлына қойған болатынбыз.

— Бұл театр жастардың тілегімен өмірге келді. Сыр елі талантты, өнерпаз жастарға кенде емес. Тек, аға буын бұлақ көзінің ашылуына жағдай жасау керек. Жастардың «өз театрымыз болса екен» деген ұсынысы қолда тапты, талап пен талантты ұштастырған жастарды електен өткізді. Нәтижесінде 14-22 жас аралығындағылардың 25-не таңдау түсті. Кейін, 19-ға қысқарды. Қандай шығарманы сахналаймыз дегенде, олардың табиғатына, жан дүниесіне жақын келетін «Алғашқы махаббатқа» тоқталдық. Әзірге шығармашылық ұжымның қаржысы жоқ, болашақта болады деген үмітіміз бар. Алдағы уақытта «Азия», «Біржан» пьесаларын сахналасақ деген ойдамыз. Бөрінен бастау қиын ғой, бұйырғас, жастар бұл жолда жеңістерге жетеді деп сенемін, — деді режиссер. Тарихқа көз жүгіртсек, алғашқы қазақ театры Қызылордада құрылды. Жас-

тар театрының өмірге келуін өнер мен мәдениеттің бесігіндегі дәстүрдің жаңа гасырдағы жалғасы десек болғандай. Енді қойылымға, көргенімізге тоқталсақ.

Басты рольді, жаңадан келген апайға ғашық болатын Қанат образын «Болашақ» университетінің студенті Ө.Алдажаров сомдады. Қанаттың досы Қайыржанды ойнау №235 мектептің 10-сынып оқушысы І.Өтетілеуге бұйырған екен. Оқиғаның қысқаша мазмұны, ауылға қаладан жап-жаз мұғалім келіп, 11-сыныптың Қанат есімді оқушысы соған ес-түссіз ғашық болып қалады. Езу тартқызар диалог, күлдіргі көрініс көп. Өріне, көрерменге мұндай көңіл-күй сыйлау үшін артистік шеберлік керек. Өзіміз куә болғандай, залда отырғандар бар ынтасымен тамашалап, қол соғып отырды. Яғни, режиссер еңбегі еш кетпеді, жаңа театрдың іргесі үлкен ізденіспен қаланғаны аңғарылды.

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйіне жиналған көрермендер арасында белгілі ақын, журналист Өскербек Рахымбекұлы болған еді. Ол кісіден спектакль жайында пікір сұрадық.

— Мына бастамаға, жасалған дүниеге тәнті болып отырмыз. Өнерге жан-тәнімен берілгендік, еңбекті сүйгендік деген осы. Жастардың өнерін өрістету арқылы, Сыр мәдениеті жана биікке қол созды деп ойлаймын, — деді ақын.

Спектакль соңында қала әкімінің орынбасары Айдын Қайырұлаев сөз сөйлеп, жастар театрына сәт-сапар тіледі.

Нағымжан САУЯЕВ.

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Адамзат баласы қауымдасып, бір мекенге топтасып өмір сүруге бейім жаратылған. Топтасып өмір сүрудің де өзіндік хикметі бар. Егер қайсыбір қауымның өмір тіршілігінде бірлік, ынтымақ, имандылық, өзара келісім, ортақ түсінік, т.б. құндылықтар басты орынға қойылса, сол халықтың берекесі артып, ғибратты ғұмыр кешеді.

Тұрақтылық бар жерде татулық орнайды. Татулық бар жерге Алла береке нәсіп етеді. Ынтымағы ыдыраған елден ырыс та кетеді. Біз мұндай жағдайды алыстағы елден емес, жақындағы көршілерімізден-ақ көріп отырымыз.

Еліміздегі мешіттер мен медреселердің, діни оқу орындарының жұмысын қадағалап, бақылап-басқарып отыру міндеті маған жүктелгеннен кейін жамағатты діни саладағы кейбір нәзік мәселелерге әрдайым байыппен, сабырлықпен қарауға шақырамын.

Дін тек бірлік пен бейбітшілік орнаған елде қанат жаяды. Мұны есте ұмытпауымыз қажет. Бүлік бар жерде береке кетеді. Ондай ортада дінді ұстану былай тұрсын, адамның күнделікті өміріне қауіп төнбей ме?

XXI ғасыр осындай күйге дұшар болған миллиондаған халықтың бүгінгі мазасыз өмір тіршілігіне куә. Алла Елшісінің: «Көпшіліктен бірге болыңдар, бөлінуден сақтаныңдар», – деп бұйыруында үлкен ғибрат бар. Мұндайда халқымыз: «Бөлінгенді бөрі жейді», демей ме?!

Дін – адамды Алланың даналыққа құрылған таңғажайып жаратылысынан ғибрат алуға, ізгілікке бастайтын ұлы жол.

Имандылық – адамға екі дүниенің қуанышы мен сыйына, бақыты мен берекетіне жетелеп, жақсылыққа үндейді, адамның бүкіл өмірін, амалын ізгілікке, қайырымдылыққа бағыттайды.

Дін – бүкіл әлемде адамдардың рухани дүниетанымын байытып, жер бетіндегі адамзат қауымының игілікте өмір сүруіне ықпал ететін қуатты күш.

БІРЛІКKE ҰЙЫҒАН ЕЛге БЕРЕКЕ ҰЯЛАЙДЫ

Сондықтан сол күшті адамдар арасындағы достық пен ынтымаққа және мемлекетіміздің дамуына жұмсауымыз қажет. Ал өзара келісім мен жарасымдылыққа Ислам дінінің қосар үлесі өлшеусіз.

Алла Тағала Қасиетті Құранда «Майда» сүресінің 2-аятында адамзат баласына: «Ізгі істерге, тақуалыққа көмектесіңдер. Күне жасауға, дұшпандыққа жәрдемші болмандар...» деп бұйырған.

Біз халықтарды бірлікке, ізгілікке, қайырымдылыққа шақыруда діни тұлғалардың айрықша рөлін ескеріп, имамдардың әлеуетін, қабілеті мен тәжірибесін арттыруға баса назар аударып келеміз.

Елбасы жыл сайынғы Жолдауларында халқымыздың рухани өміріне, мәселен, отбасы құндылығын арттыру, жат ағымнан алыс болу, бірлікті сақтау, қайырымдылық жасау, мейірімді болып, көшірім жолын ұстану секілді сауапты амалдарға да мән береді.

Президентіміз жаһандық жә-

не ішкі сын-қатерлерге жауап беретін, сонымен қатар жаңа тарихи жағдайларда ұлтымыздың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі «100 нақты қадам» жоспарын жариялады. Бұл бағдарлама күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын болады. Осы құжатта әлеуметтік көмек, сапалы білім беру, сапалы медициналық көмек сынды халыққа қажетті мемлекеттік қолдаулар айтылды. Сапалы білім алған, дені сау адам елдің игілігі мен өркендеуіне көбірек

жұртшылық тарапынан туындаған алаңдаушылықтарға байланысты «Жер» кодексінің жекелеген баптарына Елбасымыз мотарий жариялағындығы дүйім жұртқа мәлім. Сондықтан жер мәселесін, Елбасымыз айтқандай ақылға салып, қоғамдық талқы-болады. Осы құжатта әлеуметтік көмек, сапалы білім беру, сапалы медициналық көмек сынды халыққа қажетті мемлекеттік қолдаулар айтылды. Сапалы білім алған, дені сау адам елдің игілігі мен өркендеуіне көбірек

Өрбір адамның жаны, өмірі – өзіне аманат болса, бүгінгі адамзат қоғамын тұтас қалыпта, дұрыс бағытта ұстап тұру да – баршаға аманат екендігін ұмытпайық,

үлес қосатыны даусыз.

Осы тұрғыда, Елбасымыздың бастамасын қолдау мақсатында мұфтият тарапынан имамдардың діни және зайырлық сауаттылығын арттыруға баса мән берілуде. Қазіргі таңда көптеген имамдарымыз діни білімдерімен қоса зайырлық білім алуға көптеп талпыныс білдіруде. Халқымызға сапалы қызмет көрсету – имамдарымыздың басты міндеті.

Мемлекет басшылығы ешқашан жеті рет өлшеп, бір рет кеспей шешім қабылдамайды. Басшыға бағыну – көміл мұсылманның бір парызы, ал басшылық қашанда халықтың игілігіне жарайтын шешімдер қабылдайды. Сондықтан қазіргі таңдағы қоғам ішінде туындап жатқан түрлі мәселелерге кең түсіністікпен қарап, ел ішінде тыныштықты, ауызбірлікті сақтап ұйымшылдыққа ұйытқы болуға үлес қосу, әрбір мұсылманның міндеті болып табылады.

Қазіргі күн біздің қоғамымызда жер мәселесіне қатысты Тарихтан белгілі, халықтың болашағын ойлаған дін қайраткерлері де татулық пен бірлікті басты бағдар еткен. Халықтар бірлігі – бөрінен қымбат қазына деп санаған. Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) мұсылмандықтың іргетасын бірлікпен бекіткен. Алла Елшісінің тайпалар мен руларды бір мақсатқа біріктіруі – кез келген басшыға басқару ісінде үлкен бағдар бо-

лары хақ.

Халқымызда: «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық», – деген қанатты сөз бар. Алла Тағала барша адамға Құран кәрімде Хужурат сүресінің 10-аятында: «Шын мәнінде, мүмкінде ағайындар. Сондықтан да ағайын ара-сын түзетіндер...» – деп бұйырған.

Әрбір парасатты пенде әлемдегі қаржылық дағдарыс пен адамдар арасындағы әділетсіздік, отбасылық күйреу, әлеуметтік келеңсіздіктер секілді мәселеден құтылудың бір ғана жолын түсінді. Ол – рухани құндылықтарды бірінші орынға шығару.

Бүгінде қоғам діннің адамгершілік құндылықтарына мұқтаж. Ал осындай рухани қүйзеліс сәттерінде дін, зиялы қауым өкілдерінің белсенді жұмыстарына үміт артылады. Қамыққанға қамқор болу – ол да парасатты адамның асыл парызы емес пе?! Ендеше, ізгі істерде бір-бірімізге көмекші болайық, бауырлар!

Алла Елшісінің: «Берген қол алған қолдан жоғары» деген өсиетін негізге ала отырып, әрдайым мемлекетімізден қол жайып сұрай бермей, біз мемлекетімізге не бере алдық, Отан үшін не істедік деген сұрақтар әрбір мұсылманды мазалауы қажет.

Еліміздегі әрбір кәсіп немесе мамандық иесі өз саласы бойынша ең сапалы түрде қызмет етер болса, Елбасымыз меже етіп көрсеткен дамыған отыз елдің қатарына енуіміздің ауылы алыс емес екендігі баршамызға белгілі жайт.

Алла Тағала халқымызға бақ-береке бергей. Жер бетінде тыныштық орнап, қашан да тату ғұмыр кешуді нәсіп еткөй. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, мұсылмандық мұратымыз асыл, дұғамыз қабыл болғай! Әмин!

● ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ

Елбасының «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында жекешелендірудің қажеттілігі туралы баса айтылған еді.

Осыған орай Үкімет арнайы бағдарлама аясында 2014-2016 жылдарға арналған жекешелендіру бойынша кешенді жоспарды бекітті. Жоспарға сәйкес елдегі мемлекеттік компанияларға талдау жүргізілді. Нәтижесінде мемлекет меншігіндегі мүліктер, ұлттық компания мен холдингтердің ұйымдары жалпыға ортақ сатылымға түсетін болды.

Жекешелендірудің екінші толқыны дегеніміз не? Мемлекет меншігіндегі нысандарды кімдер, қалай иелігіне алады? Қызылорда облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары Ринат Құдайбергеновпен сұхбатымызда осы сауалдарға жауап іздеген едік.

МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ АРТТЫРАДЫ

– Жекешелендірудің «екінші толқыны» жүзеге асыру мақсатында әлемдік тәжірибе зерделеніп, кейбір экономика секторында мемлекеттің қатысуын шектеу жөнінде қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізілді, – деді бізбен әңгімесінде Р.Құдайбергенов.

Талдау нәтижесі бойынша жекешелендіруге жататын ұйымдардың тізімі анықталды, олардың ішінде коммерциялық оқуға бағдарланған және ғылыми орындар, жобалау институттары, шипажай, әлеуметтік сала объектілері, елді мекендерді абаттандыру және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, автомобиль жолдарын жөндеу қызметтерін жүзеге асыратын ұйымдар, автобус және троллейбус паркерті, балаларды сауықтыру лагерлері, акционерлік қоғамның, ұлттық компаниялар және холдингтердің активтері, стратегиялық маңызы жоқ активтер бар.

– *Жекешелендірудің тізбесіне қандай объектілер енді?*

– Президенттің 2015 жылғы Жолдауында айтылғандарға сәйкес «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның кейбір нормалары қайта қаралып, жекешелендіру объектілерін сату Ережесіне көптеген өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ, 2016-2020 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспары қабылданып, тізбеге Қызылорда облысы бойынша коммуналдық меншіктің 5 нысаны енді. Олар – «Қорқыт Ата әуесжайы» АҚ, «Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» МКҚК, «Ұяттық спорт түрлері және бұқаралық сауықтыру-дене шынықтыру клубы» ШЖҚ МКК, Арал қалалық шаруашылық жүргізу құқығындағы қоспалы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Сырдария» балалар сауықтыру лагері» МКҚК болып табылады.

Бәсекелес ортаға жіберілетін ұйымдардың қатарына «Байқонур (Байқонур) ҰК» ӘКК» акционерлік қоғамының 6 ұйымы енгізілді.

Бекітілген кестеге сәйкес 2016 жылы коммуналдық меншіктің 2 объектісін жекешелендіру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, «Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» МКҚК, Арал қалалық шаруашылық жүргізу құқығындағы қоспалы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны. Кестеге сәйкес тәуелсіз бағалау жұмыстарын жүргізу үшін алдын ала дайындық жұмыстар басталып кетті.

– *Әңгімеміздің басында Сіз кейбір заңнамаларға өзгерістер енгізілгенін айттыңыз. Олар қандай заңнамалар және қашан күшіне енді?*

– Өзгерістер «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Жекешелендіру объектілерін сату Ережесіне енді. Жекешелендіру объектілерін сату Ережесінің ескі редакциясында тендерде жекешелендіру объектісін екінші және кейінгі сауда-саттыққа қою кезінде бастапқы баға алдыңғы тендердің бастапқы бағасынан 20 пайыздан аспай төмендетілетін болса, жанадан енгізілген өзгерістерге сәйкес жекешелендіру объектісін екінші және үшінші сауда-саттыққа сату мүмкіндігі ұялады.

Сонымен қатар, тендерде немесе аукционда қатысушылардың саны екеуден аз болса, олар өтпеген деп жарияланады, онда жекешелендіру объектісі үшінші сауда-саттыққа бір ғана қатысушыға сатылуы мүмкін.

Осыған орай, жекешелендіруге шетелдік және қазақстандық инвесторлар қатысу үшін барлық жағдай жасалды, бұл ретте квазимемлекеттік сектор мен активтерді сату әділетті нарықтық баға бойынша, ашық және бәсекелі жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте, жекешелендіру объектісінің нарықтық құны жекешелендіру объектісінің баланстық құнынан төмен болуы мүмкін. Жекешелендіруге қатысу

үшін белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға қатыса алады.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес мүліктік кешендер ретінде мемлекеттік кәсіпорндар тендерде сатылған жағдайда, қызмет бейінін сақтау тендерін шарты болып табылады.

Қызмет бейінін сақтау мерзімін сатушы айқындайды.

– *Жекешелендіру қалай өтеді? Жекешелендіруге қатысу үшін кәсіпкердің не білгені маңызды?*

– Бүгінгі күнге сатылатын мүліктің ашықтығын және жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында біріккен электрондық алаң қызмет атқарады.

Қазір жекешелендіруге жататын объектілер, сатылатын немесе сатылған объектілер туралы ақпарат суреттерімен қоса мемлекеттік мүлік ресстрін тіркейтін бірыңғай операторы болып табылатын – госреестр (www.gosreestr.kz) веб-порталында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылған. Аукымды іс-шаралар жүзеге асыру барысындағы маңыздылығы оның ашықтығы мен жариялығында дер елім.

Сауда-саттықтарды өткізуге дайындық мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: жекешелендіру объектісі бойынша қажетті материалдарды жинау жүргізіледі, жекешелендіру объектісін бағалау негізінде жекешелендіру объектілерінің алғашқы бағасы, әрбір жекешелендіру объектісінің сатылу нысандары мен әдісі айқындалады, жекешелендіру объектілері жекелеген сауда-саттық шараларына бөлінеді, кепілдік жарнаны енгізу тәртібі айқындалады, сауда-саттықты өткізу мерзімі белгіленеді, қажет болған кезде ұйымдастырушы тартылады, сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жарияланады, кепілдік жарналар қабылданады, қатысушыларды тіркеу жүргізіледі, саты алу-сату шартының жобасын дайындау жүзеге асырылады.

Сауда-саттық өткізуде ашықтылықтың мәні сатушы мен сатып алушы бір-бірімен тікелей байланыспайды, сатып алушылар бір-бірін көрмейді және қатынаспайды.

Сату тек электронды түрде жүргізіледі және мемлекеттің кез келген жерінен қатысуға болады. Электрондық сауда-саттыққа қатысу үшін міндетті шарттың бірі электрондық цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) алу қажет. Электрондық сауда-саттықтың тәртібі жекешелендіру объектісін сату ережесінде көрсетілген.

Аукционға, тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізімнің www.gosreestr.kz веб-порталында тіркеу қажет.

Жекешелендіру объектілерін сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысу сатушы мен сатып алушының арасында жүргізіледі. Сатып алынатын объектіге ақы төлеу саты алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізілуге тиіс.

Ақыны бөліп-бөліп төлеуге жол беріледі.

Жекешелендірілетін объектінің ақысын бөліп-бөліп төлей отырып сату кезінде бастапқы жарнаның мөлшері сату бағасының он бес пайызынан кем болмауға, ал ақыны бөліп-бөліп төлеу кезеңі үшін жылдан аспауға тиіс. Келесі сомаларды төлеген кезде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен белгіленген ақшалай міндеттемені орындау қағидалары қолданылады.

Ақысын бөліп-бөліп төлей отырып сату кезінде әлі төленбеген сомаларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкалары негізге алынып, пайыздар есептеледі.

Жекешелендіру – мемлекеттік маңызды орың. Сондықтан біздің әрқайсысымыз оның талаптарын білгеніміз абзал.

Әңгімелескен

Ж.ӘЛІМАХАН.

БАТЫРЛААР БАС ҚОСҚАН КІТАП

Ұлы Жеңістің 71 жылдығына толымды тарту – «Нұр Отан» партиясының қолдауымен «Қазақстандықтар – Ұлы Жеңістің батырлары» атты екі томдық кітап оқырманға қол тартты. «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында шығарылған туынды қан майданда ерлік көрсеткендер өмірінен сыр шертеді.

Өткен сәрсенбі күні «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында аталған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Салтанатты шараға соғыс ардагері, қоғам қайраткері Ыдырыс Қалиев, облыстық ардагерлер кеңесінің комиссия төрағасы Арғын Садықұлы, облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысы Әлімжан Ернұзов, облыстық мәслихат депутаты Шәкizada Әбдікерімов қатысты. Сондай-ақ, тағылымды жыында жасотандық жастар, бастауыш партия ұйым төрағалары, БАҚ өкілдері болды.

Жобаның демеушісі – Еуразиялық топ (ERG). Тұсаукесер рәсімін жүргізген

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожастың айтуынша, жобаның жүзеге асыуына ел азаматтары біркісідей атсалысқан. Сондай-ақ, шетелдік ресми ұйымдардың да қосқан үлесі зор.

– Мұрағат құжаттарының барлығы орыс тілінде болғандықтан, кітаптың алғашқы нұсқасы орыс тілінде басылып шықты. Қазіргі уақытта қазақ тіліне аударып басу жұмыстарына дайындық жүргізілуде. Ағылшын тілінде де жарыққа шығару жоспарланып отыр. Бұл туындының тарихымызды түгендеп, болашақ ұрпаққа аманат етудегі,

жастарымызды отаншылдыққа тәрбиелеудегі маңызы зор, - дейді Ибадулла Құттықожаев.

Сонан соң, сөз кезегін алған Ыдырыс Қалиев:

– Келешек ұрпақ соғысты көрмесін. Тек, батыр бабалар ерлігін ұлықтап, қалірлеп, бейбіт заман заманда өсе берсін. «Нұр Отан» партиясының бұл бастамасына көптең- көп рахмет. Ардагерлерге жасап жатқан қамқорлықтарына мың алғыс, – деп ағынан жарылды.

Негізінде Кеңес Одағы Батыры атағын беру 1934 жылдың 16 сәуірінде КСРО Орталық атқару комитетінің шешімімен тағайындалған екен. Бұл марапатқа Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін 6 қазақстандық ел болған. Ал соғыс жылдары 615 отандасымыз Кеңес Одағының Батыры атанған. Оның 109-ы – қазақ.

Нағымжан САУАЕВ.

Бүгінгі таңда маңдай терін төгіп, еткен еңбегінің ақысын ала алмай, әділдік іздеп жүрген жандар жетіп, артылады. Оған кіналі кейбір мекемелердің шын мәнінде жағдайы болмаса, қайсыбірі қасақана жасайды.

Жұмыс таңірегінде туындайтын дау жалғыз жалақыға қатысты емес. Біреу қызметінен заңсыз алынса, енді бірде ұжымнан жүгенсіздіктер төбе көрсетіп жатады. Осындайда қызметкерлердің ең алдымен маңдай тірер қорғаншысы – кәсіподақ ұйымдары.

ҚАШАНДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚАМҚОРШЫСЫ

Тарихқа көз жіберсек, 1950 жылы Қызылорда облыстық Кәсіподақтар конференциясы өтіп, кәсіподақтар Кеңесінің төрағасы болып Мөрәлі Шәменов сайланған. Алғашқыда кеңесте 7 адам жұмыс атқарып, 33 мыңнан аса кәсіподақ мүшесі болған, бұл жалпы жұмысшылардың 68 пайызын құраған еді. Одан беріде бұл ұйымға 11 адам басшылық етті. Ұйым атауы 2002 жылы Кәсіподақтар федерациясы XVIII съезі шешіміне сай өзгертілді. Атауы өзгергенмен, алға қойған мақсатынан айнымаған ұжымның бүгінгі таңда қызметі қауыр. 2014 жылдан бері «Қызылорда облыстық кәсіподақтар Орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігіне білікті маман Сәуле Илясова жетекшілік етіп келеді. Бірлестік тәрайымының айтуынша, кәсіподақ көтерер жүк уақыт өткен сайын ауырламаса, жеңілдемейді. Өйткені, ұжым көмегіне жүгінетіндер көп.

Алақайлап айтатын нәрсе – 2015 жылдың 11 қазанында Бразилияның Сан-Пауло қаласында өткен Халықаралық кәсіподақтар конференциясы (ХКК) Бас Кеңесінің 15-отырысында Қазақстан Республикасының кәсіподақтар Федерациясын Халықаралық Кәсіподақтар Конфедерациясының құрамына қосу туралы шешімі жарияланды. Қазақстан

Республикасының кәсіподақтар Федерациясын ХКК толық құқықты мүшелік ұйым ретінде қабылдануын тарихы тереңде жатқан ұжымның абыройы асқақтандығы еді.

Бүгінгі таңда облыстық кәсіподақтар орталығында 8 салалық, 1 қала, 30 аудандық кәсіподақтар комитеттерінде 1021 кәсіподақ ұйымы тіркеліп, 80 мыңнан аса кәсіподақ мүшелері есепте тұр. Бірлестік 2015-2017 жылдарға арналған облыстық ұшақтық келісімге қол қойды. Бұл келісім жұмысшылардың құқығын қорғаудағы еңбекті есеслері сөзсіз.

«Жаңадан қолданысқа енген «Еңбек» кодекcін түсіндіру мақсатында іс-шараларды қолға алып жатырмыз. Айталық, мекеме басшылары үшін семинарлар өткіздік. Өткен жылды қоса алғанда 100-ге жуық қызметкер мәселе айтып келген-ді. Көпшілігі шешімін тапты. Туындап отырған даулардың дені жұмыстан негізсіз қысқаруға, жалақысын уақытты ала алмауға, зейнетақының дұрыс есептелмеуіне қатысты. Сондай-ақ, бала күтімімен демалысқа шыққандардың жұмысқа қайта орналаса алмау жағдайлары да бар», – дейді бірлестік тәрайымы Сәуле Нұрбапақызы.

Н.САҚТАПБЕРГЕН.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Жақсылық РАХМАТУЛЛА, жазушы.

Бір кезде көпшілікпен жұмысты аудандық комсомол хатшылығынан бастаған Талғат жастардың ойындағысын ажарынан танып, олардың арасындағы өжет мінезділерді ұнатып тұратын. «Мінезсіз адам иленген тері сияқты, қалай тартсаң солай бүктеле береді. Ондай жасықтардан түк шықпайды, сенің пікіріңе қайшы келсе де, әркімнің өз көзқарасы, өз жолы болғаны жақсы» – деп отыратын, мұның алғашқы басшысы Абылай Айдосов. Сол еркін ойлы, кісінің көтелігін бетіне шығғырып басатын, от тілді, орақ ауыз обком комсомолдың хатшысы маңындағыларды да өз мінезіне бейімдей тәрбиеледі. Қазақтың көне мақалдарын қолдана саралап сөйлейтін Абылайдың пікірі мұның ішкі түйсігімен үндесіп тұратындықтан ба, көп жағдайда Талғаттың өзі де сондай болуға еріксіз еліктейтін. Осындай рухани жақындығы бар сол жайсаң азаматтың «адам тану» тағылымы кейін талай мәрте мұның алдынан шықты. Айдарлы, Абай ауылдарында кәсіподақ, кеңес, партия ұйымдарын басқарған жылдарда жанарының оты жоқ, бастықтарды көрсе иіліп сәлемдесіп, жалпылдап тұратын жандардан бойын аулақ салды. Қайта сөзі олақ, қимылы икемсіз болса да ешкімнен қайымқпай ірі-ірі сөйлейтін, іске келгенде алымды да, шалымдыларды жанына жақын тартты. Өрине, «адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» дегендей, өзін-өзі батыр санайтын әңгүдік, есердің жөні басқа.

Комсомол қызметі жастықтың маздағында жүрген Талғаттың дүниетанымына көп өзгеріс туғызды. Мінезі де, әрекет, амалы да әр қилы адамдармен ортақ тіл табусыздығын сырын меңгерді. Тегінде бар парасаттылық қасиеттер жақсы мен жаманның парқын ажырата білуге жетеледі. Келе-келе уақыт патша «адам болар жігіттің адамменен ісі бар, адам болмас жігіттің адамменен несі бар» дегендей, сабырға сабыр, ақылға ақыл қосар салқын қанды ұстамдылықты мұның бойына да дарытты. Сөйтіп, ата-баба аруағына үнсіз тәу еткен сүйегі асыл, тағамы биік азамат азды-көпті оқпағаны мен тоқығанына қанағат тұтпады. Есейе, толыса түскен замат оның дүние астарын білуге құштарлығы артып, арманы да айыңдана, айшықтана берді. Бір белеске шыққанда алдынан өмірдің екінші, үшінші белесі көлбең қағып өзін ынтықтыра шақырып тұрғандай көрінді.

Сырдария аудандық комсомол комитетінде, Абай, Айдарлы шаруашылықтарында абыроймен қызмет атқарған Талғат жастықтың жалыны басылып, қырықтың қырқасына шыққанда Жамбыл атындағы шаруашылыққа партия ұйымының жетекшісі болып тағайындалды. Оның бар саналы ғұмыры мен қызметінің маңызды кезеңдері осы шаруашылықта өтті десе де болғандай.

Сол жылдары Жамбыл кеңшары экономикасы тұралап, қиын жағдайда қалған шаруашылық болатын. Сол қиын кезеңде кеңшарға өзі жас, жігерлі, білімді де қабілетті азамат Әбнуллаев Ибрагим директор болып тағайындалды. Ибрагим өзін де өзгені де аяған жоқ. Көке сала жұмыс істеудің не екенін, қалай болмысының өзінен бастап, шаруашылықты

тез арада дамытудың қамына кірісті. Талғат әрқашан да уақытпен санаспай, директордың жаңаша бастамаларын қолдап, жанынан табыла білді.

Осындай ауызбіршілікті, қиын да күрделі жұмыстардың нәтижесінде Жамбыл кеңшары екі жылдың ішінде мемлекетке жүз мың центнер астық беріп, Сырдария ауданындағы бірден-бір табыскер совхозға айналды. Әлбетте, оған директор Ибрагим мен парторг Талғаттың осылайша бірлесе қимылдап, халықты шаруашылыққа жұмылдыра білуінің арқасында қол жетті. Директор шаруашылық істерін ұйымдастыруды ғылым мен өзгеде бар озат тәжірибеге сүйеніп жаңаша басқаруға құмбыл кіріссе, саяси жетекші қиналғанда нардың жүгін

ұғысып қызмет жасаудың әліппесін үйретті. Осы алған тәлімі кәсіподақ, кеңес, партия жетекшілігінде болған жылдарда кәдеге асты. Есейіп, жігіт ағасы атанған тұсында да, көпнен бірге көгеруді таңдаған бейнетінен біржола қол үзіп кетпеді.

Ауданның бүге-шүгесін алақанда тұрғандай жілікше шағатын, үлкенге мемлекетке жүз мың центнер астық беріп, Сырдария ауданындағы бірден-бір табыскер совхозға айналды. Әлбетте, оған директор Ибрагим мен парторг Талғаттың осылайша бірлесе қимылдап, халықты шаруашылыққа жұмылдыра білуінің арқасында қол жетті. Директор шаруашылық істерін ұйымдастыруды ғылым мен өзгеде бар озат тәжірибеге сүйеніп жаңаша басқаруға құмбыл кіріссе, саяси жетекші қиналғанда нардың жүгін

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР



көтерер намысшыл жігіттердің жігерін қаппап, ортақ мақсатқа топтастыра алды.

Талғат тұмысында мақтаншылықты, әсіреқызылшылықты қаламайтын, не болса да байырғы ұстамдылықты жоғалтпайтын сарас жігіт еді. Осы ұстами маңында жүрген үлкен-кішіге жасты, олар да сондай болуға қызықты.

Бір қалиарлы қария ұлына: «Менің ұлым болғанша көптің құлы бол» деген өсиет қалдырыпты. Онысы өле-өлгенше көпке қызмет етіп өткен жаман болмайсың дегені екен. Сол көргені екенің айтқанындай астық демі біткенше көпке қызмет еткен адамның бірі Талғат болатын. Пединститутты бітіргеннен кейін еңбек жолын бір кезде әкесі Жүністің дәм айдап барған арқа жерінде бастағанынан, онда көп аялдамай туған топыраққа келіп комсомол қызметіне араласты. Міне, оның сонан бергі қырық жылдық ғұмыры толайым халық арасындағы тәлім-тәрбие жұмысына арналған болса, басы сол жастарға басшылық жасаудан арқау алды. Комсомолдың жетекшілері мінезі би-язы, сөзі де, іс-қимылы да ширақ, бойында кісіні өзіне тартып тұратын ұнамды қасиеті бар сол келбеті келісті Жүнісөвтің бойындағы елжандылық сезімді бір арнаға түсіріп, тағдырының небір зілбатпан ауыртпалығынан белі бүгілмей, қабырғасы қайыспай шығуына адал қамқорлық жасады. Осында жүріп комсомол оған көпнен

басқарған жылдарда шешуі қиын шытырман істің түйінін тарқатуға әмсе Жүнісөвті жұмсады.

XX ғасырдың 80 жылдарының аяғындағы демократия мен жариялық лебі 70 жыл өмір сүрген Кеңестер одағын көзді ашып-жұмғанша таратып тынды. Қазақ елі боландықтан құтылып, тәуелсіз ел болды. Әйткенмен, сол кезеңдерде «осы рас па, жоқ па?» деп біразға дейін Мәскеуге қарай жалтақтағандар Сырдарияда да толып жатты. Ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіп-одағын басқаруға Қоғалыдан парторг Жүнісов әкелінді. Әдетінше жана қызметіне беріле кірісіп кетті. Бірақ «ірісті» деген аты ғана. Жоғарыда да, төменде де бұрынғы қызмет атаулары өзгеріп, кім қайда барарын білмей дағдарыса түскен шак туды. Қалада да, далада да алаң-күлен тірлік белен алып, жаңаша өмір сүрудің жолын білмей алдақандарға ақыл берер көрнекті тәуелсіздік тұлғалары бірен-саран ғана еді.

Көз алдында өтіп жатқан түсініп болмас құбылыстар Талғат Жүнісөвті әсте еркін ағырған жоқ. «Тәуелсіздікке жету – әрине ғаламат оқиға, – деді ол өзіне өзі. – Бабалар, соның ішінде менің әкем Жүніс те армандаған азаттық – ұлттың бағы. Бірақ оның қалай қызметі жетеміз, қалай ұстап тұрамыз, қалай нығайтамыз? Бұл жағы әлі көмескілеу. Кәсіподақтың бары мен жоғы ешкімге қажет емес тәрізді. Оның көңіліне де белгісіз алаң кіріп, сәл-пәл әбігершілікке түскені рас. Талғат осының бәрін електен өткізіп, айналасындағы дүрмек тобырға еліктей, алдымен жана қоғамдағы өз орнын айтқандай алу керектің түсінді. Бірде Ақарық ауылындағы жанашыр ағайынның бірі Талғаттың пікірін білуге арнайы іздеп келеді.

– Талғат бауырым, сенің әкең Жүніс ислам дінінің жолына түскен атақты алым адам еді ғой. Оны былай қойғанда атышулы Созақ көтерілісіне қатысып, одан қуғын-сүргіннің азабын басынан кешкендігі тағы бар. Енді ғұлама ағамыздың көкесіне заманы туды. Ығыты келгенде осыны пайдаланып қалсаң етті. Ақарықтан ауылдық мешіт ашып берейік, соған иелік ет, – деді ол.

Талғаттың әкесі Тәжіғұл ба-

ласы Жүніс молда «Көкілташ» медресесінде оқып, Бұхарадағы шығыс ғұламаларынан дәріс алған, өз тұрғыластарының арасында жан-жақты білімді, шешен, имандылықтың қасиеттерін терең меңгерген, ұлтжанды, сол қасиетімен ел-халыққа өте сыйлы азамат болған. Жоғарыда айтылған Созақ көтерілісі басып-жаншылып, оған қатысушыларды жазалау басталған кезде жанашыр адамдар Жүністі Арқаға қашырып жібереді.

Қостанай облысына барып, Шошан деген тұрмысты кісінің назарына ілігеді. Ол көзқарасты кісі болса керек, жас жігіттің терең білімділігін бағалап, оған арнайы мешіт ұстатып, Жүністі сонда имам етіп ұстайды. Бірнеше жыл Шошан байдың мешітінде имам болған Жүніс ақырында Шошанның баласы Тайшығара мырзаның қызы Бөркүлмен көңіл қосып үйленеді. Содан баяғы оқиғалардың ізі суыды-ау деген шамада елге оралады.

Ұлы Отан соғысы басталған ауыр жылдарда Жүністі еңбек армиясына шақырады. Ол жақта да небір зұлмат ауыртпалықтарды басынан өткеріп, сырт жерде жүріп қайтыс болады.

Тәуелсіз қоғамның саясатын танып, біліп және оны мойындап қалған Талғат бауырының ұсынысына көпке дейін жауап қайтармады. Тек қоштасарда қайырласып тұрып:

– Өкейдің молда болғаны анық. Өзі қалаған мұсылмандық жолынан ақырғы демі біткенше айнымағаны да рас. Мен парторг болдым. Халыққа хал-қадірім жеткенше қызмет жасадым. Істе қателік жіберсем де, тірі жанға қиянат жасаған жерім жоқ болар. Әкемің сенімі солай болғанымен, менің тәрбием, келешек туралы ұғымым өзгеше. Қысқасы, әкем де, мен де жүрек қалауымен жүрдік. Елге, жерге қызмет студент кеуеміз де айнамадық. Сол қалпында дүниеден өткен әкемің жолы маған бұйырса ғой, шіркін, – деді ол бір сәтке толқып тұрып.

Арада көп уақыт өтпей Талғат әкесінің сүйегі жатқан «Шенгелді» деген жерден топырақ әкеліп туған жеріне қойды, белгі орнатты. Осында ас беріп, алғаш рет әке аруағына бата қылған ағайынның ризашылығына бөленді. 1999 жылдың қараша айында кемерінен өрген ұрпақтарын әуелі Алланың құзырына, сосын жансерігі Қадшаға аманат етіп тапсырып, дүниеден озды. Ол сонда небәрі 60 жаста еді.

Жүніс молдадан бір қыз, екі ұл қалса, соның бірі Талғат халықтың алғысын аркалап, өзінің сеніміне сүйеніп тірлік етті. Жұбайы Қадша оған сенімді серік, ұл-қыздарына ақылгөй ана бола білді. Сонымен бірге ұстаздық мамандығымен еңбек етіп, ол да зейнет демалысына абыроймен шықты. Талғаттың ұрпағының бәрі қазір үйлі-баранды болып, өсіп-өнген әулет, барлығы да жоғары білімді дәрігер, мемлекеттік қызметкер және ұстаздар. Өркендеп өскен отбасының алтын қазығы іспетті Қадша немерелерінің ортасында отырып, өзіне өмір бойы жүрек жылуын сыйлаған аяулы серігімен бірге өткізген тәтті дәуренін сағына еске алады. Немерелерінің қылығынан, мінезінен дүниедегі ең қымбат есім Талғаттың елесін көргендей болып сағынышын басады.

Иә, орнында бар оңалар деген осы.

БАНК АРДАГЕРІНІҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

*Жетесің адал жүрсен ақырына,
Қамқор бол елдің әлсіз пақырына.
Тартпайды әділ адам шындық сөйлеп,
Түсікісіз туысқа да жақынына...
Асыл ер өзін биік санамайды,
Ел үшін еңбек күшін аямайды.
Бір өзі білсе-дағы «білім» демес,
Сыналып, көпке салып шамалайды...*

Атасы – жыр дүлдүлі, шайыр Нұртуғанның ұрпаққа қалдырған осындай ұлағатты сөздерін бала күнінен көкірегінде сақтай жүріп, өзінің өсу, өркендеу, қызметтік жолына арқау еткен, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі саласындағы жарты ғасырға жуық қызметінің сүбелі бөлігін Тәуелсіз Қазақстанның аяғынан нық тұрып, еркіндігін төрткүл дүниеге мойындату жолындағы ұлы істерге арнаған, облысқа, қала берді Қазақстанға белгілі азамат, бүгінгі аға буын өкілдерінің бірі, еңбек ардагері Ниязбек Маханжанұлы 70 жасқа толып отыр. Осыған орай, ағаның азаматтыққа тән сынайылықпен жұртқа жария ете бермейтін өмірі мен қызметтік жолы жайында Сыр халқын хабарлар етуді парыз деп санадық.

1946 жылы Арал ауданындағы «Аманөткел» ауылдық кенесінің Мырзас елді мекенінде дүниеге келген Ниязбек аға 1961 жылы Арал қаласындағы №15 орта мектепті тәмамдасымен, Қазалы қаласындағы ауылшаруашылық техникумына түсіп, оны 1964 жылы бітірген. Еңбек жолын 1965 жылы «Қазалы қолхозаралық құрылыс» мекемесінде есепшіліктен бастаған ол зейнеткерлікке шыққанға дейін 45 жылға жуық әуелі КСРО мемлекеттік банкі, кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жүйесінде қызмет атқарды. Еңбек пен білімді ұштастыра жүріп 1970 жылы Ташкент халық шаруашылық институтына сырттай оқуға түсіп, оны 1975 жылы бітірді.

Нәкең банк саласындағы 13 жылын Жаңа-Қазалы бөлімшесінің инспекторы, аға инспекторы, 3 жылында Қызылорда облыстық кеңесінде бөлім бастығы, одан әрі 7 жыл Жо-салы бөлімшесінде меңгеруші, 9 жыл облыстық басқарма бастығы, 2 жыл басқарма бастығының орынбасары, соңғы 11 жылда Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының бөлім бастығы қызметтерін атқарды.

Нәкенің басшылығымен 1991 жылы 50-100 сомдық КСРО ақшасын айырбастау, 1993 жылы Ұлттық валютамыз – теңгені енгізу, алғаш рет облыста айырбастау пункттерін ашып, шетел валюталарын сатуды ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Сол тұстарда мамандандырылған және коммерциялық банктардың бірінен соң бірі ашыла бастағаны белгілі. Ұлттық банк қызметкерлерінің бірсыпырасы сол банктарға қызмет ауыстыруына байланысты олардың орнына басқа мамандық иелерін, тіпті мектепті жақсы бітірген оқушыларды қабылдап, оларды техникалдар мен жоғары оқу орындарына сырттай оқытып, сонымен қатар мамандығын жетілдіру үшін банк қызметкерлерін дайындау орталығы арқылы маман кадрлардың орнын толықтыруға басқа назар аударды. Олардың жұмысқа ынтасын арттыру және тұрақтандыру мақсатында Ұлттық банкіден қаражат алып тұрғын үймен қамтамасыз ете отырып, үй мүліктерін сатып алу үшін несие беруге көңіл бөлді. Сөйтіп, 1988 жылдың басында Ұлттық банкі облыстық басқармасында 52 қызметкер болса, 1996 жылы олардың саны 352 адамға дейін жетіп, кейін бұл қызметкерлер бюджеттік банкке ауыстырылды.

Нәкең Ұлттық Банкінің облыстық басқармасын ете ауыр кезеңде (1988-1996 жж.) басқарды. Бұл кезде ТМД елдерімен экономикалық қатынас нашлапар, тауар тасымалдары қысқарды, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету қарточкалық жүйеге ауысты, мекемелер ара-



сында есеп бартерлік әдіспен (яғни заттай ауыстыру) жүргізілді, өндірістерде өнім өндіру барынша төмендеп, тоқтау шегіне жетті, ақша айналымы құлдырап, бюджеттің дефициті артты, бағаның өсуі мен ақша эмиссиясы тез көтерілді, жалақы мен зейнетақы төлеу қиыншылыққа душар болды. Осынау алмағайып кезеңде Нәкең басқарған ұжым қызметкерлері үйлестіру жұмыстарын үлкен жауапкершілікпен атқарып, облыс экономикасын жақсартуға өз үлестерін қосты.

Қоғамдағы өзгерістер мен елдегі саяси-әлеуметтік жағдайларды көзімен көріп, жүрегімен сезе білген басшы өз білімін жаналыққа сай жетілдіріп отыру қажеттігін үнемі есте ұстады. Сол себепті КСРО Мемлекеттік банкі, кейін Қазақстан Ұлттық Банкі саласында жұмыс жасаған кездерінде Германияда, Мәскеу, Астана, Алматы қалаларында мамандық жетілдіру курстарынан өтіп отырды.

Өз ісі мен мамандығына адалдық, ұжымды басқарудағы жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілет, ұжым мүшелеріне деген адамгершілік көзқарас – біздің Нәкең жаналыққа сай жетілдіріп отыру қажеттігін үнемі есте ұстады. Сол себепті КСРО Мемлекеттік банкі, кейін Қазақстан Ұлттық Банкі саласында жұмыс жасаған кездерінде Германияда, Мәскеу, Астана, Алматы қалаларында мамандық жетілдіру курстарынан өтіп отырды.

Өз ісі мен мамандығына адалдық, ұжымды басқарудағы жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілет, ұжым мүшелеріне деген адамгершілік көзқарас – біздің Нәкең жаналыққа сай жетілдіріп отыру қажеттігін үнемі есте ұстады. Сол себепті КСРО Мемлекеттік банкі, кейін Қазақстан Ұлттық Банкі саласында жұмыс жасаған кездерінде Германияда, Мәскеу, Астана, Алматы қалаларында мамандық жетілдіру курстарынан өтіп отырды.

Саладағы ұзақ жылғы еңбегі ескеріліп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне еңбек сіңірген қызметкер» төсбелгісімен, басқа да мерекелік медальдар, көптеген Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталған.

Бүкіл саналы ғұмырын Ұлттық Банкі саласына арнап, облыс экономикасының өсіп-өркендеуіне аянбай еңбек еткен Ниязбек Маханжанұлы қандай марапатқа болса да лайық. Олай болса, мерейтойыңыз құтты болсын, ардагер аға! Отбасыңызға амандық, өзіңізге зор денсаулық тілейміз.

Ернар ЖҰМАБЕКОВ,
ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының директоры.



Еліне еңбегі сіңіп, өз ортасына сыйлы болған алдыңғы аға буын өкілдері өскелең ұрпаққа өнеге. Ғұмыры ғыбатқа толы жандардың артында қалдырған мол мұрасы, кісілік келбеті мен адамгершілік қасиеттеріне қарап келер ұрпақ бой түзейді. Өмірден өзі ете де, есімі елінің ықыласына бөленіп жүрген осындай азаматтарымыздың бірі – Қылышбек Шадықұлұлы. Оның қызметтегі ерлік істері мен еткен еңбегі жайында әріптестері мен шәкірттері көптеген естеліктер жазды. ҚР Мәдениет қайраткері Аманғали Әміржанұлы ағамызға арналған «Ұлағатты ғұмыр» атты кітапты жарыққа шығарды. Бұл еңбекте жазушы танымал тұлғаның өмірі мен қызметі және сол қызметтегі жетістіктері жайында баяндайды.

ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТКЕН ЕР

Қылышбек Шадықұлұлы 1940 жылдың қараша айында Тереңөзек ауданына қарасты Қаратөбе ауылында дүниеге келген. 1957 жылы Шаған ауылындағы орта мектепті тәмамдайды. Мектепті бітірісімен Қызылорда педагогикалық институтына оқуға түсіп, іргелі оқу орнын 1962 жылы үздік аяқтады. Студент кезінде ізденімпаздығы мен білімге деген жауапкершілігінің арқасында әртүрлі тақырыпта ғылыми жобалар қорғап, жоғары деңгейде ұйымдастырылған байқаулардың жеңімпазы атанды. Институт қабырғасында оқып жүріп, «Жастарға сапалы білім беретін білікті маман несі боламын» деген алдына үлкен мақсат қоя білді.

Осылайша Қылышбек ағамыз оқуды бітірісімен Арал ауданындағы Қаратөрен ауылдық орта мектебінде мұғалім болып қызмет атқарды. Білім ошағында бір жылдай жұмыс жасаған ағамыз мектептегі білім сапасының жақсаруына едәуір үлес қосты. Сол жылдары шәкірттері қазак тілі мен әдебиеті пәніне арналған облыстық байқауларда топ жарып, ұстаз үмітін ақтай білді. Білікті маман мұнда ұзақ уақыт қызмет істемесе де, өзінің жауапкершілігінің арқасына көпшіліктің ықыласына бөленіп үлгерді. Ол 1963 жылы

әскерге шақырылып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеді.

Әскерден оралған соң мұғалімдік қызметін қайта жалғастырды. Ол қай өңірде қызмет атқарса да, шәкірттеріне сапалы білім беруіне еш жалыққан емес. 1964 жылы өзінің туған жері, яғни Тереңөзек ауданындағы «Қараөзек» ауылдық орта мектебінде өз мамандығы бойынша қайта жұмыс жасайды. Мұнда да ол шәкірттерінен сапалы маман несін дайындауда аянып қалмады. Тіпті, мектеп директорына жастардың көз уақытын тиімді пайдалану мақсатында түстен кейін бір мезгіл қосымша сабақ беруі керек екенін ұсынды. Мектеп басшысы жас маманның бұл ұсынысын жөн деп тауып, жоғары сынып оқушыларына түстен кейін бір мезгіл сабақ беруіді білім беру кестесіне енгізді.

Осылайша Қылышбек Шәдіқұлұлы саналы ғұмырын шәкірттеріне арнады. Білікті маман несін бұл ұсынысы көп ұзамай өз нәтижесін берді. Қосымша білім алған балалар мектепті тәмамдап, өз білімдерімен жоғары оқу орындарына жолдана алды. Ұстаз үмітін ақтай білген шәкірттер жоғары оқу орындарында білім ала жүріп, ол жерде де ұйымдастырылған көптеген жарыстарда топ жарды. Осылайша ағамыз

екі жылдай қызмет атқарған білім ошағынан сапалы маман иелері көптеп шығып, қалаған оқу орындарында білімдерін жалғастыруға жолдана ала бастады. Қызмет жолында аянып қалмаған ол шәкірттері арқылы алға қойған мақсаттарының орындалғанына көз жеткізді. Білім ошақтарында сапалы жұмыс жасағаны үшін 2014 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ұстаздық жолында аянбай жұмыс жасаған ағамыз бұдан кейінгі жылдары әртүрлі қызметтер атқарды. 1966-1968 жылдары облыстық комсомол комитетінде 1968 жылдан бастап КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде әртүрлі қызметтерде болды. Мұнда да жауапкершілікпен жұмыс жасап, табандылығымен көзге түсті. 1978-1988 жылдары атқарған еңбегі үшін КСРО Қарулы Күштерінің 60 және 70 жылдық медалімен марапатталды. Сонымен қатар, КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің «Мінсіз қызметі үшін» медалінің қатарынан үш рет негері атанды. Ал 2007 жылы «Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясының «Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін» естелік медалімен марапатталды.

Атпал азамат 2008 жылдың та-

мыз айында Мыңшоқы елді мекеніндегі Қойсары батырға кесене тұрғызуға белсене араласты. Сондай-ақ, Батырдың ерлік істері мен өнегелі өмірінен сыр шертетін тарихи-танымдық мақаланы жарыққа шығарды. Ал 2009 жылдан бастап, Кіші жүздегі Таз руының шежіресін жинаумен айналысты. 1999 жылы қарымды қаламгердің «Сыр өңіріндегі Таздар шаңырақтарының шежіресі» атты еңбегі жарық көрді. Сексен алты беттен тұратын бұл кітапта таз руының шежіресімен қатар сол замандарда өмір сүрген қазақ халқының тарихы айқын көрініс тапқан.

Өмірі өнегеге толы азамат 1969 жылдың қазан айында Ұлжан Мұхтарқызымен отау құрып, үш ұл тәрбиелеп өсірді. Әулетінің ақыл айтып, жөн сілтер ағасына айналды. Осылайша саналы ғұмырында халқына адал қызмет етіп, жұртының ықыласына бөленген Қылышбек Шадықұлұлы өткен жылдың наурыз айында дүниеден өтті.

Ел үшін аянбай еңбек еткен азаматтарға қарап өскелең ұрпақ бой түзейді. Сондықтан да өмірі тағылымға толы ел ағалары жайындағы еңбектер қанша уақыт өтсе де өз құнын жоғалтпайды. Білікті ұстаз, жауапты қызметкер, ізденімпаз шежірешінің келер ұрпаққа қалдырған өнегесі айтуға тұрарлық дүние.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ӨМІРДІ ЖАҚСЫ КӨРУ ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың №1 оқу ғимаратында облыстық “Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы” ММ-ның ұйымдастыруымен “Өмірді жақсы көру – өзіңнен басталады” атты семинар-тренинг өтті.

Қызметкерлер арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларын болдырмау және мінез-құлық агрессияларының алдын алуға арналған жылында негізгі 4 мәселе қаралып, қызметкерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Басқ

Мақала авторы Муфтулла Қуатов – кешегі күндері алғашқы тың игерушілердің қатарында болып, ел байлығын еселеуге үлес қосқан еңбек адамы. Маң даланы дүбірге толтырған лектің алғашқы қатарында болған ардагер алғашқы миллиард пұт астық жинау жолындағы көптің еңбегі жайлы оқырманға аз-кем сыр шертеді.

МИЛЛИАРДТАР НЕГІЗІ ОСЫЛАЙ ҚАЛАНҒАН



Сонау 1954 жыл болатын. Наурызайын-да СОКП Орталық Комитетінің Пленумы шақырылды. Пленум Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесін қарап, қаулы қабылдады. Бүкіл Одақтың жастарына тың жерлерді игеруге қатысуға Үндіе жолдады. Сонымен қатар, 30 мың білікті инженер кадрларын Қазақстанға жіберуді мақұлдады. Сол жылы Қызылорда ауылшаруашылық техникумын бітіргелі тұрған біздер тың көтеріп жатқан облыстарға комсомолдық жолдамамен аттандық.

Нұртай Бекенов, Жазкен Досов үшеуіміз Ақтөбе қаласына келдік. Вокзал тыңға байланысты жарнамалармен безендірілген. Соловьев-Седойдың, Александра Пахмутованың тыңға арнаған әндері шырақалып тұр. Ресей жағынан келіп жатқан пойыздардан топ-топ болып жастар түсіп жатты. Вокзалды қызықтап біраз жүрдік. Менің нағашы ағайым Омар Нақыпов Ақтөбе қалалық ішкі істер бөлімі бас-тығының орынбасары қызметін атқаратын. Сол кісінің үйіне келдік. Марқұм жегім Жұмақұл мінезді, қонақжай кісі еді. Бізді 21 жылы шыраймен қарсы алды. Ерте-ңіне облыстық ауылшаруашылық басқар-масының бастығына кіріп, жолдамамызды бердік. Кадр бөлімінің бастығы Мырза Шынтасовты шақырып, «ауандармен ха-барласып, қай МТС-та орын барын анық-тап, қызметке орналасуға бұйрық бер» деді. Кадр бөлімінде отырмыз. Үшеуімізді бір МТС-қа жіберуді өтіндік. Мырза Шын-тасов аудандармен хабарласып, Қарабұтқ МТС-да екі орын, Ембі МТС-да бір орын барын айтты. «Өздерің ақылдасып, кімнің қай МТС-қа баратынын түстен кейін маған келіп айтыңдар», деді. Сыртқа шыққасын екі досым: «біз екеуіміз қалағаштық едік, Қарабұтқа – бұл барайық» деп маған қолқа салды. Түсік шайға үйге келдік. Ағайға жұмыс жағдайын айттық. «Қара-бұтқ – облыстың шалғай ауандары-ның бірі, теміржол қатынасы жоқ, ал Ембі тоғыз жолдың торабында, өзін біл», деді ағай. Түстен кейін кадр бөліміне келіп, өзара келіскенімізді айтып, аталған МТС-тарға жұмысқа орналасуға бұй-

рықты алдық. Қаланың базарына келіп, керек заттарымызды алып, көрікті жер-лерін аралап көрдік. Кешкілік үйге келіп демалдық. Ертеңіне екі досымды Қара-бұтқақа шығарып салдым. Өзім сол күні кешқұрым пойызға отырып, түнгі он жарым шамасында Ембіге келіп түстім. Қолымда чехмоданым және шағын бума жүгім бар. Вокзал ішінде отырмын, еш-кімді танымаймын. Түн ортасы болғанда жолаушылар көбіеіе басталды. Өзім қа-тарлы жігіт қасыма жақын отырды да

болып, осы үйде тұра беремін десең тұра бер, жоқ десең өзін біл» деді ағай. Мен мақұл дедім. Бұл кісі қаланың байырғы тұрғыны, ұзақ жыл вокзалдың бастығы болған, кейін денсаулығына байланысты вокзалдың кезекшілік қызметіне ауысқан, өңегелі отбасының иесі Қаби Жакиев де-ген ағай екен. Ауыл шаруашылығында атқарылатын жұмыстарға қажетті техни-калар МТС-қа шоғырландырылған. Кол-хоздағы барлық жұмысты МТС атқарады. Колхоздар МТС-қа тәуелді. Маған құ-

тамақ алынды. Жолда әлдеқалай болады деп балта, қосауыз мылтық қамдап алдық. Аязы болғанымен күн ашық еді. Түс ауа қар жауып, бұрқасын басталды. Токтамай жүріп келеміз. Түн жарымында орманға кіріп, ағашы қалыңдау жерге тоқтадық. Құлап жатқан ағаштардың бұтақтарын шауып, жинап ашықтау жерін, екі жерлен от жақтық. Тоңған аяғымызды жылыту үшін отты айнала жүгіріп аламыз. Қар да, бұрқасын да басылды. Отты жағалай отырып тамақтануға кірістік. Алыстан қасқырдың ұлыған дауысы естілді. Таң атқанша қасқырлар да әлсін-әлсін ұлумен болды, біз де мылтық атумен болдық. Терең сайдың иіні орманға тіреледі екен. Сол иіндегі қалың бұтаның арасы жергілікті жұрттың айтуынша қасқырлардың жатағы көрінеді. Жарық болысымен орманды жағалап жүріп келеміз. Біраз жүргеннен кейін негізгі жолымызға түстік. Аудан орталығына түс ауа жетіп, ауаткомның кенсе алдына келіп тоқтадық. Темір аудандық атқару комитетінің төрағасы Бондаренкоға жолығып, мені МТС-қа, экономисті ауылшаруашылық басқарма-сында қалдырып, Ертаев қалған маман-дарды өзімен алып төрағаның орынбасар-ларымен бірге колхоздарды аралауға жүріп кетті.

Байырғы МТС-тердің бірі екен. Кадрларының көбі тәжірибелі, білікті кісілер. Жұмыстары жолға қойылған. Цехтары құрал-саймандармен жабдықтал-ған. Техникалық жөндеу жұмыстары жасалған, график бойынша жүргізіледі. Бірақ, жатақхана, асхана, тағы да басқа құрылыстары бітпеген екен. Жолдамамен келген жастар вагондарда тұрып жатыр. Бізге қарағанда тәжірибелері мол, үлгі алатын жұмыстары баршылық, кем-шіліктерін де байқадық. Үш күн бойы көріп-білгендерімізді, жетістіктерін де, кемшіліктерін де көрсетіп, қағазға түсіріп, кол қойдық.

Осы жылы егін бітік болды, астық ме-жеден артық жиналды. Қазақстан алғашқы миллиард пұт астығын Отан қоймасына құйды. Орталық партия комитеті біраз облысты «Ленин» орденімен марапаттады, соның бірі Ақтөбе еді. Біздің бірсыпыра механизаторларымыз, бригадирлеріміз орден-медаль иегері болды. Мен де «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен мара-патталдым. Медальға қоса Бүкілодақтық көрмеге жолдама берді.

Біз Хусайн Дастанов, Аркадий Гофман үшеуіміз Ембіде кездескен күннен дос болдық. Талай қызықты күндерді бірге өткіздік. Механизаторлардың ұйымшыл-дығының арқасында колхоздағы дала жұ-мыстары қарқынды жүріп, кезек-кезеңімен орындалып жатты.

Тыңды игерудің алғашқы жылдарында мәрдымсыз, мешеу техникалармен мил-лиард пұт астық өндіруге үлестерін ко-сып, терін төккен механизатор жастар-дың еңбектерін айрықша атағым келеді. Өзім МТС-пен есептесіп, қараша айының соңында ауылға келдім. Сырдария аудан-ында жаңадан ұйымдасып жатқан “Же-тікөл” совхозында 1958 жылдың басы-нан бастап мамандығым бойынша қыз-метімді жалғастырдым. Кейін МТС-тер таратылды. Колхоздар совхоздарға айнал-ды, техникалар совхоздардың меншігіне болды. Жаңадан елді мекендер пайда болды.

Егіс көлемі ұлғайды. Бүгінде ауыл шаруашылығы автоматтандырылған алып техникалармен қамтамасыз етілген, да-мыған аграрлық салаға айналды. Сонау тыннан бастап алған миллиардтар әлі де жалғасып келеді.

Муфтулла ҚУАТОВ,
еңбек және тыл ардагері.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше мемлекеттік қызмет істері департаменті Жастар ресурстық орталығында жоғарғы және орта оқу орындарының түлектері мен жас мамандарына “Ашық есік күнін” өткізді.

Департамент басшысы Жазира Жылқышиева ең әуелі жастармен «дөңгелек үстел» басында ашық пікір алды. Жастарға мемлекеттік қызметке орналасудың тәртібі мен мүмкіндіктерін түсіндірді. Сонымен қатар департамент мамандары өткізілетін жалпы конкурстың жолдарын егжей-тегжейлі баяндады. Сыбайлас жемқорлық мәселелері де мамандар назарынан тыс қалмады. Пара алуғана емес, берудің өзі қылмыс екендігін айтқан олар жастарды жемқорлықсыз орта қалыптастыруға шақырды. Ал оны іс жүзінде жүзеге асырып, келешек мықты мамандар тәрбиелеу мақсатында арнайы келісім жасалды. Мемлекеттік қызмет істері департаменті мен Жастар ресурстық орталығы “Жастар кадрлық резерві мектебін” құру туралы меморандумға қол қойды. Осы арқылы келешекте жастар арнайы мектепте тәлім алатын болады.

Жыны соңында қалалық жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі жұмысқа орналасуға ниеттілер үшін бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастырды. Сонымен қатар “Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020” бағдарламасына, жастар тәжірибесіне қатысу жолдары, жаңа мамандықты алу және қайта оқу мүмкіндіктері төңірегінде кеңес берді. Ал департамент басшысы Жазира Жылқышиева мемлекеттік қызметтің өзге де мәселелері толғандырған жастарды жеке қабылдап, тәжірибесімен бөлісті.

М.ҚОЖАХМЕТОВА.

НҰРЫН ШАША БІЛГЕН БАТЫР АНА

Арым да, ардағым да анам екен, Адамға ана деген атамекен. Ұйқысынан оянып берген сүті, Жыр болып жүрегімде жататы екен. Ару ана, ер ана, батыр ана, Қызғыштай боп балаңа болдың пана. Пейілің шуақ шашар күн нұрындай, Махаббаттың анашым, дархан дала.



Өркім өзінше бір әлем. Әлем дегеніміз қандай кең ұғым болса, «ана» деген сөзге де сондай зор мағына сыйып тұр. Өйткені, ана – жан дүниесінің байлығы арқылы жақындарының адам болып қалыптасуына тікелей ықпал ететін тұлға. Қазақ әйелінің басынан не қиямет өтпеді?! Ашаршылық пен зобалаң жылдарда, Отан соғысы кезіндегі қиын-қыстау заманда аналарымыз еңбекте ерлік жасай білді. Сол бейнеттің бәрін қазақ әйеліне тән төзімділікпен көтерген біздің аналарымыз жарқын болашаққа деген сенімін жоғалтқан емес.

Үлкенді сыйлау – атамыздан қалған дәстүр. «Ана алдында – құрмет. Ата алдында – қызмет» деген сөз үлкен міндет артады. «Ата-анаға бағыну – тәңірге бағыну» деп бабаларымыз бекер айтпаған. Сондықтан мен де ер мінезді анамыз туралы сыр шертім келеді.

Бибиқатша Айтумақызы 1927 жылы 8 наурызда Шіелі қыстағында дүниеге келген. Соғыс аяқталған жылы Ақатай Сымайловпен бас қосып, он үш құрсак көтеріп, оның тоғызын қатарынан кем қылмай өсірген жандар. 1952 жылға дейін тылда еңбек етіп, туған жеріне адал қызмет ете білді. 1952 жылдан «Коммунизм» колхозында сауыншы болып жұмыс жолын бастаған. Дәл сол уақыт аралығында жолдасы Ақатай да малшы болып еңбек етті.

1968 жылы I, II, III дәрежелі «Батыр Ана» медальдарымен, 1969 жылдың 2 желтоқсанында жоғары көрсеткіштері үшін Еңбекшілер депутаттары облыстық кенесінің «Мақтау қағазымен» марапатталған. 1970 жылдың 22 сәуірінде облыстық кеңестің «Мақтау қағазына», осы жылдың 2 қарашасында «Үздік сауыншы» атағына ие болған.

1971 жылдың 6 мамырында Жоғарғы Кеңестің «Мақтау қағазымен» және «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталып, 1973 жылы №88 Керелсі ауылдық округінен облыстық кеңеске депутат болып сайланған. 1973 жылы 27 қыркүйекте Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген «Құрметті қызметкері» атағы берілген. Ал 1980 жылы 22 сәуірде В.И.Лениннің туғанына 110 жыл толуы күрметіне «Өзат сауыншы» мақтау қағазымен марапатталған. 1993 жылы ерекше еңбегі сіңгені үшін арнайы мемлекеттік зейнетақы тағайындалып, өмірінің соңына дейін еңбектен кол үзбеді.

«Ана – өмірдің шуағы» дегендей, Бибиқатша анамыз қиын-қыстау заманда өмір сүрсе де, еңбектің ауыр-жеңіліне қарамай балаларына, жолдасына, жақындарына нұрын шашып, ел күрметіне бөлене білген Батыр ана. Еліне, қатарластарына үлгі болған майталман еңбек адамы. Сондықтан да өңегелі ғұмыр кешкен Бибиқатша секілді батыр аналарымыздың еңбегін әрқашан ұрпақ жадында жаңғыртып, үлгі ету – біздің парызымыз.

Ақлима АҚАТАЕВА,
немересі.

ТАРИХ ТАҢБАЛАНҒАН ТАҚТА

Қай заманда болмасын ата-бабалардың болашақ үшін атқарған игі істерін үлгі ету келер ұрпақтың парызы саналған. Олардың ақ білектігі күші, ақ найзаның ұшымен, толарсақтан қан кешіп талай қанды жорықты бастан кешкені, талай қиындықты, қуғын-сүргінді көргені де тарихта таңбаланған. Сондықтан өткенімізді біліп, салт-дәстүрімізді жадымызда ұстау, құрметтеу бүгінгі жастардың міндеті болмақ. Бастан кешкенді ұмытпау болашақ үшін керек.

Айдынды Арал теңізінің ақбас толқыны тулап, айбыны асқақтап тұрған кезінде жағалауында ондаған ауыл қоныстанған, халық игілігі жолында аянбай еңбек еткен. Сондай еңбекші ауылдардың бірі Ауан болатын. Кезінде мұнда теңізден осы бетіндегі үлкен балық зауыты және кемелер тұратын аймақ болды. Теңіз деңгейі төмендеп, жергілікті халық үлере көше бастағанда аудандықтар да көтеріліп, көбі Ақбастыға, қалаға, басқа да жерлерге кетті. Ауанда ескі жұрт орнынан басқа ештеңе де қалмады.

Жақында Ауан ауылының ескі жұртына ескерткіш тақта орналастырылды. Тақтаның орналасуына кіндік қаны осында тамаған, осы өңірдің ұрпақтары, амалтылықтар Жайлаубай Қызылбаев пен кәсіпкер Әбдісағи Шалманов мұрындық болды. Ж.Қызылбаев Ауанның бұрынғы тұрғындары туралы үлкендерді жағалап бірнеше мәрте дерек жинап, жер атауларының дәлдігі үшін көп ізденген және онысы босқа кетпеген.

Ұзындығы төрт, ені екі метрдей тақтаның бір бетіне Кокарал өңірінің жер атаулары берілген. Бір айта кететінді, жер атауларының ғарыштық дәлдікпен берілгені тандандырады. Карта арқылы өз ойлаған жеріңізге бармақ болсаңыз, тікұшақпеннен де координаттар арқылы да дәл төбесінен түсуге болады.

Тақтаның екінші бетіне 1963 жылғы Ауан аулы үйлерінің орналасуы, көшелері берілген. Мұнда кезінде жеке басқа табынудың зардабын тартып, депортацияға ұшыраған ұлт өкілдері қалмақ, көріс, шешендер де болған екен. Бұдан басқа балық зауыты, мектеп, ауылдық клуб жайлары да тақтаға түсіріліпті. Алматылық азаматтар осындай тақтаның екінші данасын №22 орта мектепке тарту етті.

Үлкен жолдың бойына қойылған ескерткіш тақтадан ендігі жерде әрі-бері өткен жолаушылар Ауанның өткен тарихы жайында мәлімет алатын болады. Бұл келер ұрпақтың жадында мықтап сақталатын жәдігер болмақ.

Ө.СЕРӘЛІ.
Арал ауданы,
Ақбасты ауылы.

ШАЛҒАЙ АУЫЛДАҒЫ ШАТТЫҚ

Ажар ауылы аудан орталығынан ең шалғайдағы шекаралық елді мекен саналады. Соңғы кездері ауылдың әлеуетін көтеру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Шекаралық елді мекендерде тұратын халықтың жағдайын жақсарту тусу жөніндегі Елбасы тапсырмасын басшылыққа алған жергілікті биліктің жоспарлаған жұмысы жүйелі жүргізіп келеді. Ең алдымен, оқушылар контингенті аз, шағын жинақ-ты жалпы білім беретін негізгі мектепте жан-жақты көмек көрсеті-луде. Биылғы оқу жылында мектепке шағын автобус беріліп, ауыл тұрғындары үлкен қуанышқа кенелді. Отан қоса 16 нүктелі спутниктік телефон жүйесі мектептің интернет желісіне қосылуын қамтамасыз етіп тұр.

Ауыл орталығына «Омега» су тұщыту қондырғысы орнатылып, тұрғындардың таза сумен қамтылуы оң шешімін тапқан. Аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат шешімімен «Кәукей-Ажар» бағытында аптасына 2 рет автобус қатынасы жолға қойылған. 2014 жылы аудандық бюджеттен 1,5 млн теңге қаржы бөлініп, ауылды жарықтандыру үшін дизель генераторы сатып алынған еді. Кізгіргі танда тәулігіне 10-13 сағат көлемінде жарық беріліп тұр. Биылғы жылы аудан әкімі Н.Шамұратовтың халықпен есепті кездесуінде осы дизель моторын жанаалауға өтініш айтылған болатын. Халықтың тілегіне құлақ асқан аудан әкімі небәрі екі айдың ішінде құны 1 млн 351 мың теңгелік қондырғы алуға ықпал етті.

Ауыл тұрғындарының аудан басшылығына, аудандық мәслихаттың депутаттарына мәселенің тез арада оң шешімін табуына септігін тигізгендері үшін айтар ризашылықтары шексіз.

Ж.ТІЛЕУБЕРГЕН,
Ажар ауылының тұрғыны,
Қазалы ауданы.

● ЭКОНОМИКА

БЮДЖЕТ АШЫҚТЫҒЫ БАСТЫ ТАЛАП

Бүгінгі таңдағы әлемдік дағдарыс экономиканың барлық саласын қамтып отыр. Дамыған елдердің өзінде жұмыссыздық күшейіп, әлеуметтік шиеленістер тереңдей түсті. Осы жағдайлардың барлығы ел дамуына тікелей әсер етуде. Дегенмен, дағдарысқа қарсы Елбасы Н.Назарбаевтың Ұлт жоспары мен оның алтын өзегі 100 нақты қадамнан тұратын реформаларды жүзеге асыру үйлесімді жұмыс істеп жатыр. Осы бағытта экономиканы тұрақтандыру және өртараптандыру облыс көлемінде қарқынды түрде жүруде.

Ұлт жоспары мен Жолдауларда айтылған міндеттер мен тапсырмаларға орай, Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары дайындалып, бекітілген болатын. Оның негізгі бес басымдығы қиын-қыстау кезеңінде экономиканы әр-тараптандыруды негізге алады. Бұл ба-ғытта нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Өңірде әлеуметтік-экономикалық мәселе-лердің шешу жолдары тығғылықты қа-растырылып, бюджет қаржысы тиімді бағытталып, аймақта халықтың әл-ауқатын жақсартуға күш салынып отыр. Мемлекеттік бағдарламалар аясындағы және инвестициялық-индустриялық жо-балар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Мұ-

ның барлығы бюджет қаржысын тиімді пайдалану мен ұсынықты есепке жүйе-ленген.

Үкімет қаулысына сәйкес биыл облы-сымызға республикалық бюджеттен жо-не Ұлттық қор есебінен барлығы 20,4 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде трансферттер 3,9 млрд теңге, даму транс-ферттері 10,2 млрд теңге, кредиттер 6,3 млрд теңгені құраған. Бұл қаржылардың дені салынып жатқан тұрғын үйлер құрылысына, инфрақұрылымды дамытуға, облыс орталығында Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысына, жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеу мен өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталады. Сонымен кәсіпкерлікті қолдауға, «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыруға және жылу, су және сумен қамтуды қайта жаңғырту жұмыстарына жұмсалды. Қалған қаржылар басқа да трансферттер мен кредиттерге бөлінеді.

Негізінен облыстың жылдық бюджет көлемі 175,3 млрд теңгені құраса, әлеуметтік салаға 46% тиесілі болып отыр, яғни салмақты үлес әлеуметтік салаға бағытталып отыр. Ал дағдарыс уақытында тек қана құрылысқа бөлінген қаржы көлемі жөнінен Астанадан кейінгі екінші орында тұрмыз.

2016-2018 жылдарға арналған облыс-тық бюджет ҚР Бюджеттік кодексіне, «Қызылорда облысының 2016-2020 жыл-дарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы туралы» облыс әкімінің қаулысына, сондай-ақ Елбасы Жолдау-ындағы бюджеттік параметрлеріне сәйкес

әзірленген.

Биылғы жылға арналған облыстық бюджет саясатының басты бағыттары бұл қаржылық ресурстардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етеді. Яғни, бірінші кезекте әлеуметтік қамтамасыз ету, әлеуметтік салаға әсер ететін іс-шараларды қамти отырып жұмыссыздықты болдыр-мау. Осыған сәйкес, бюджеттің әлеуметтік сала бағыты сақталып, мемлекеттік, сала-лық бағдарламалардың шараларын іске асыруға, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, ауыз су және ауыл шаруашылығын қаржы-ландыруға қаржы қаралып отыр.

Жалпы облыстың бюджет ақпаратта-рының ашықтығы мен мөдірлігі – мемлекеттік саясаттың басты мақсаттары-ның бірі. Аймақтың экономикалық дамуы, қаржылық-құқықтық және саяси мәдениеті облыс бюджетінің ашықтығымен қамтама-сыз етілген.

Жаһанды жайлаған дағдарыс жағдай-ында көптеген елдер әлеуметтік шығыс-тарды қысқартуға, жоспарлы жобаларды тоқтатуға мәжбүр болып отыр. Бірақ дағдарысты еңсеруге бағытталған нақты іс-қимыл жоспарлары Елбасы сөзінде атап көрсеткендей, халықтың әл-ауқатын арттыру мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор мүмкіндік береді. Бұл жағынан облысымыз республика деңгейінде ал-дыңғы орындарда көрініп жүр. Ендігі бар міндет – облыс бюджетіндегі қаржылардың көзделген мақсатқа сай тиімді жұмсалып, халық игілігіне қызмет етуі.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

2016 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ

Инфляция
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2016 жылдың наурыз айын, осы жылдың өткен айымен салыстырғанда Қызылорда облысындағы тұтыну бағаларының индексі 100,9%-ды құрады. Азық-түлік тауарлары бағасының индексі 101,3%-ды, азық-түлік емес тауарлары бағасының индексі – 100,3%-ды, халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер бағасының индексі 101,1%-ды құрады.

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына жүргізілген мониторинг қорытындысы

Облыс экономикасының нақты секторында жағдайды бағалау мақсатында (2015 жылдың 4 тоқсаны қорытындысы бойынша) 2016 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қызылорда филиалымен экономиканың нақты секторына мониторинг жүргізілді. Іріктеудің репрезентативтілігін жасау үшін (салалық құрылымын ескергенде) мониторингке жана респонденттерді тарту бойынша жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде мониторингке 200 кәсіпорын, оның ішінде 111 ірі және орта кәсіпорындар қатысты.

2015 жылғы 4-тоқсанындағы экономиканың нақты секторындағы пікірлерінің қорытындысы бойынша шетел валюталарына теңгенің азырбас бағамының өзгеруінің теріс әсері үрдісі сақталуын көрсетті. Сонымен қатар, 2015 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда дайын өнімге сұраныстың төмендеуі, несиеге талаптардың нашарлауы және теңгемен берілетін несиелер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлермендердің сақталуымен және несиелік, іскерлік белсенділіктің нашарлауымен байланысты теріс процестердің жалғасуы байқалды. Сонымен қатар, нарықтағы мұнай бағасының төмендеуі тау кен саласында сатудың рентабельділігінің азаюына себепші болды. 2016 жылғы 1-тоқсанында кәсіпорындар шығарылатын өнімге сұраныстың төмендеуі күтілуіне байланысты теріс үрдістің сақталуының күтуде.

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі арта түсті: инвестицияларына өз қаражаттарын қолданған кәсіпорындар үлесі 2015 жылдың 3 тоқсанындағы 65,8%-дан 73,0%-ға дейін артты, ал өз инвестицияларын қаржыландырмаған кәсіпорындар үлесі біршама кеміді (2015 ж. 3 тоқсанындағы 31,7%-дан 23,5%-ға дейін кеміді).

Нақты экономика секторы бойынша өтімділігі төмен кәсіпорындар үлесі (АОК (ағымдағы өтімділік коэффициенті) <1) 2015 жылдың 3 тоқсанындағы 44,2%-дан 40,7%-ға дейін азайды.

2016 жылдың 1 сәуір деңгейіне депозит нарығы

Облыстың банк жүйесіндегі жалпы депозиттер көлемі өткен 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 28,3 %-ға өсіп, 84875,2 млн. теңгені құрады, оның ішінде заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі – 23427,1 млн. теңгеге (6,0%-ға төмендеді), жеке тұлғалар депозиттерінің

көлемі – 61448,1 млн. теңгеге жетті (49,0% өсті).

Шетел валютасындағы депозиттер көлемі өткен 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 51,7%-ға өсіп 56066,2 млн. теңгені құрады, ал ұлттық валютадағы депозиттер 28809,0 млн. теңгеге жетті (1,3% өсті). Нәтижесінде 2015 жылдың осы кезеңмен салыстырғанда теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 44,1%-дан 33,9%-ға төмендеді.

Бұрынғыдай халық жинақтарының басым бөлігі (99,8%) мерзімді салымдарға орналастырылған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда халықтың мерзімді салымдары 49,1%-ға жетіп 61355,7 млн. теңгеге дейін өсті.

01.04.2016ж. деңгейіне депозиттер бойынша орташа сыйақы мөлшері, өткен 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5,4%-дан 5,2% төмендеді, оның ішінде: жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшері 5,0%-дан 5,3%-ға өсіп, ал заңды тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшері 6,1%-дан 4,8%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшері 1,6 п.т. 9,3%-ға дейін өссе, шетел валютасындағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшері 0,4 п.т. 3,1%-ға дейін төмендеді.

2016 жылдың 1 сәуір деңгейіне несие нарығы

Облыс экономикасын банктермен несиедеудің жалпы көлемі 145209,8 млн. теңгені құрап өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,4%-ға төмендеді.

Заңды тұлғалардың несиелері бойынша қарызы 36342,6 млн. теңгені (+20,8%), жеке тұлғалар бойынша – 108867,2 млн. теңгені (-7,1%) құрады. Жеке тұлғалар несиелерінің үлес салмағы 79,6%-дан 75,0%-ға азайды.

Есепті кезеңде ұлттық валютадағы несиелер бойынша қарыз 4,0%-ға (136599,7 млн. теңге) азайды, ал шетел валютасында 1,8 есеге өсті (8610,1 млн.теңге). Нәтижесінде теңгедегі несиелердің үлес салмағы 96,7%-дан 94,1% төмендеді.

Ұзақ мерзімді несиелер есепті кезеңде 3,0%-ға (132530,5 млн. теңге) төмендеді, ал керісінше қысқа мерзімді несиелер 19,5%-ға (12679,3 млн.теңге) өсті. Сәйкесінше, ұзақ мерзімді несиелердің үлес салмағы 92,8%-ды (91,3%) құрады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиеге 8,3%-ға (22988,2 млн. теңге) ұлғайды, бұл экономикадағы несиедеудің жалпы көлемінің 15,8%-ын құрады.

Салалар құрылымында несиелер бойынша қарыздардың басым бөлігі мына салалар үлесіне тиеді: олар сауда (7,3%), көлік және байланыс (7,4%), өндіріс (5,0%), құрылыс (5,3%).

Несиелер бойынша мерзімі өткен қарыздар өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 13,3%-ға азайып 8938,1 млн. теңгені құрады. Мерзімі өткен қарыздардың басым бөлігі, жеке тұлғалар үлесінде болып отыр 86,0%-ды (7685,8 млн.теңге) құрады.

2016 жылдың наурыз айында берілген несиелер бойынша сыйақы ставкасы 17,9%-ды құрады, оның ішінде заңды тұлғаларға берілген ұлттық валютадағы несиелер бойынша – 18,3%,

жеке тұлғалар бойынша – 18,1%. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер бойынша орташа сыйақы ставкасы 18,5% құрады.

Валюта нарығы

2016 жылдың 1 сәуір деңгейіне Қызылорда облысы аумағында 57 айырбас пункттері, оның ішінде 43 – уәкілетті банктердің, 1 – Қызылорда ОФ АҚ Қазпочта айырбас пункті және 13 – уәкілетті ұйымдардың айырбас пункттері тіркелген.

2016 жылдың 3 айында облыс халқына 33812,8/37058,5 мың АҚШ доллары сатылып/сатып алынды. Осы көрсеткіш 2015 жылғы 3 айда 59291,1/28749,6 мың АҚШ долларын құраған. 2016 жылдың 3 айы бойынша АҚШ долларын орташа сату/сатып алу бағамы 361,41/356,05 теңгені құрады (2015 жылдың сәйкес кезеңінде – 185,18/184,16 теңге).

Европалық валютаны сату/сатып алудың жалпы көлемі кезең ішінде 825,5/517,4 мың еуроны құрады (орташа сату/сатып алу бағамы 394,52/392,53 теңге). 2015 жылдың сәйкес кезеңінде сату/сатып алу көлемі 981,5/1194,4 мың Еуроны құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 210,50/203,75 теңге).

Ресей рублін сату көлемі 139422,0 мың ресей рублін, ал сатып алу көлемі 254313,5 мың ресей рублін құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 4,83/4,60 теңге). 2015 жылдың 3 айында ресей рублін сату/сатып алу көлемі 552497,2/94698,3 мың ресей рублін құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 3,01/2,87 теңге).

Төлем карточкалары
2016 жылдың 1 сәуір деңгейіне Қызылорда облысы бойынша төлем карточкаларын ұстаушылар саны 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,8%-ға төмендеп, 400,3 мың адамды құрап отыр, айналымға шығарылған төлем карточкаларының саны 2,3%-ға азайып, 444,7 мың бірлікті құрады.

Облыс бойынша төлем карточкалары жайлы жалпы көрініс: POS-терминалдар саны 1 302 (+37,1%) бірлік, банкоматтар 292 (-6,7%) бірлік, банктік киоскілер/төлем терминалдары 463 (+11,3%). Төлемге карточка қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 659 (+40,5%).

2016 жылдың наурыз айында Қызылорда облысы аумағында төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген қолма қол ақша беру операциялары 555,2 мың транзакцияға жетіп, жалпы сомасы 21 529,6 млн. теңгені құрады.

2016 жылдың наурыз айында төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген төлемдер көлемі 1 348,1 млн. теңгені құрады (2015 жылдың наурыз айына қарағанда 55,5%-ға артқан) және де транзакциялар саны 2015 жылдың наурыз айымен салыстырғанда 13,8%-ға ұлғайып, 140,4 мың транзакцияны құрап отыр.

Толық ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: +7(724) 226 11 35, +7(724) 227 42 72, +7(724) 226 11 27, e-mail: kuz_55@nationalbank.kz

«ҚР Ұлттық Банкі» РММ
Қызылорда филиалы.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЕМЕС ТАУАРЛАР БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы қала және аудандық деңгейде халық тұрмысына аса қажетті азық-түлік емес тауарлар бағасына күнделікті мониторинг жүргізуде. 2016 жылдың 19 мамырдағы мониторинг қорытындысы бойынша келесі облыстық және аудандық сауда орындарында азық-түлік емес тауарларға ең төмен бағалар бекітілген.

Қызылорда. Тағат» базарында маталардың барлық түрінен тігілген әйелдердің көйлегі 4500, балаларға арналған аяқ киім 2250, әйелдерге арналған аяқ киім 3500 теңгеден сатылуда. «Бағас» базарында әк 95 және «Тамоня» дүкенінде кір сабын 47 теңгені құрайды. «Ажар Сити» сауда үйінде ұнтақ 110, сабыну 410 теңгеден сатылып жатыр. «Сыбағи» базарында ерлердің маусымдық аяқ киімдері 4500, ерлер шабары 3250 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Технодом» сауда үйінде телелділар 56 мың, кір жуғыш машина 55 мың, шаңсорғыш 8500 теңгені құрайды. «Еркебулан» бүтіндіде дәптер 11, қаламсап 20 теңгеден сатылуда. Ал «Айтбек», «Бағлан», «Сырдария», «Атамекен» және «Тамоня» сауда үйлерінде жеңілдіктер жасалуда.

Қармақын ауданы. «Эльлорада» дүкенінде тоназтытқыш 60500, телелділар 55 мың, шаңсорғыш 12 мың теңгеден сатылып жатыр. «Молшылық» құрылыс дүкенінде 1 кап әк 1000 теңгені құрайды. «Сұлтан» сауда дүкенінде кір сабын 70, ұнтақ 250, сабыну 250 теңгеден сатылып жатыр. «Адина» киімдер дүкенінде ерлер шабары 4000, ерлердің маусымдық аяқ-киімі 6000, әйелдерге арналған көйлек 5000, әйелдердің қысқы-жазғы аяқ киімі 6000, балаларға арналған аяқ киім 3000 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Ұялар» канцеляриялық тауарлар дүкенінде дәптер 12, қаламсап 15 теңгеден сатылып жатыр. «Адина» киімдер дүкенінде барлық киімдер түріне 40 және 50 пайыз аралығында жеңілдіктер жасалуда.

Жалаған ауданы. «Ырыс» сауда үйінде ерлер мен әйелдердің маусымдық аяқ киімдері 5000, балаларға арналған аяқ киімдер 2500, ерлер шабары 5000, маталардың барлық түрін тігілген әйелдердің көйлегі 3500 теңгеден сатылуда. «Арман» сауда дүкенінде кір сабын 50, ұнтақ 257, сабыну 250 теңгеден сатылуда. Ал тоназтытқыш 55 мың, телелділар 44 мың, шаңсорғыш 10 мың теңгеден сатылып жатыр. «Нартай» сауда дүкенінде әк 70 теңгеден ұсынылуда. «Мәлдір» канцеляриялық тауарлар дүкенінде дәптер 10, қаламсап 15 теңгеден сатылуда.

Сыртария ауданы «Өркен» сауда үйінде кір сабын 70, ұнтақ 200, сабыну 300 теңгеден сатылып жатыр. «Серікқош» сауда үйінде телелділар 50 мың,

шаңсорғыш 10 мың, тоназтытқыш 70 мың теңгені құрайды. «Жазира» дүкенінде дәптер 8, қаламсап 15, әк 45 теңгеден сатылып жатыр. «Думан» сауда үйінде ерлердің маусымдық аяқ киімдері 5000, әйелдер мен ерлердің маусымдық аяқ киімдері 4500, балаларға арналған аяқ киімдер 3000, ерлер шабары 5000, маталардың барлық түрін тігілген әйелдердің көйлегі 3000 теңгеден сатылуда.

Қазыла ауданы. «Орын-Ай» базарында балаларға арналған аяқ-киім 1000 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Арған» базарында кір сабын 75, сабын су 200, ұнтақ 220 теңгеден сатылып жатыр. «Мұсаев» базарында ерлер аяқ киімі мен әр түрлі матадан тігілген көйлектер және әйелдерге арналған аяқ киім 2500, ерлер шабары 2000 теңгені құрайды. «Электрон» сауда үйінде тоназтытқыш 30 мың, телелділар 40 мың, шаңсорғыш 7000 теңгеден сатылып жатыр. «Ырыс-Болашақ» базарында әк 80, «Динара» сауда үйінде дәптер 15, ал қаламсап 20 теңгеден сатылуда.

Ары ауданы. «Алтынбай» сауда үйінде маталардың барлық түрін тігілген қыздардың көйлегі 2300, әйелдерге арналған аяқ киім 3000 теңгені құрайды. «Дархан» сауда үйінде ерлер шабары 4300 теңгеден сатылып жатыр. «Қаңағат» коммуналық базарында әк 100, дәптер 10, қалам 15 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Технодом» сауда үйінде телелділар 53 мың, шаңсорғыш 14 мың, тоназтытқыш 49 мың теңгеден сатылып жатыр. Ерлерге арналған аяқ киім «Ы-Ы» сауда үйінде 3000 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Аружан» сауда үйінде балаларға арналған аяқ-киім 2300 теңгені құрайды. «Литпат» тұрмысқа қажетті заттар дүкенінде ұнтақ 130, сабыну 200, кірсабын 50 теңгеден сатылып жатыр.

Жанакорған ауданы. «Берек» сауда үйінде телелділар мен тоназтытқыш 55 мың теңгені құрайды. «Нұр» базарында шаңсорғыш 12 мың, әйелдердің қысқы-жазғы аяқ киімдері 2000, ерлер шабары 3000, балаларға арналған аяқ киім 1300, ерлерге арналған аяқ киім 2000, әйелдерге арналған маталардың барлық түрін тігілген көйлектер 3500, ал әк пен кір сабын 50, ұнтақ 130 теңгеден халыққа ұсынылуда. «Қосар» дүкенінде сабыну 180 теңгеден сатылуда.

Шіелі ауданы. «Аян» құрылыс заттар дүкенінде әк 40 теңгеден сатылуда. «Ақсуауле» канцеляриялық дүкенінде дәптер 8, қалам 15 теңгеден сатылып жатыр. «Ерма» дүкенінде телелділар 35 мың, тоназтытқыш 40 мың теңгені құрайды. Ал «Қаңағат» дүкенінде шаңсорғыш 13 мың теңгеден сатылуда. «Орталық» базарында ерлердің маусымдық аяқ киімдері 3500, әйелдер мен ерлердің маусымдық аяқ киімдері 2500, балаларға арналған аяқ киімдер 1500, ерлер шабары 3500, маталардың барлық түрін тігілген әйелдердің көйлегі 3000 теңгеден сатылуда. Ал кір сабын 45, кір жуатын ұнтақ 200, сабыну 350 теңгеден сатылып жатыр.

Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы
2016 жылғы 16 мамыр №454

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы №310 қаулысының күші жойылды деп тау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы»Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы №310 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізлімінде 5388 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылордискис вести» газеттерінде 2016 жылғы 31 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Д.Ысмақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Қ. Кошербаев.



бұрын 106 кг

Доктор Р. Хайруллина тәсілімен жылдам әрі оңай арыстаныз.
Нәтижегі 100 %.
• Біздің әдісіміз ғылыми дәлелденген және 20 жыл бойы патенттелген.
• Сізге ашығудың және калория есептеп жатудың қажеті жоқ.
• Сеанстан соң Сіз тәттіден және ұн тағамдарынан оңай бас тартасыз.
• Біз Сізбен 4 ай ғана жұмыс жасаймыз, сойтіп тамақтану тәртібіндегі жаңа өзгерістерге қалыптасуыңызға көмек береміз. www.pohudet.kz
Кенес беру тегін!
Сеанс Қызылорда қаласында 2016 жылдың 4 маусымында сағат 16.00-де болады.



қазір 68 кг.

Тел.: 22-38-22, 8-705-411-64-98, 8-775-803-75-57.

«Сыр бойын», «Қызылордискис вести», «Ақмеші апталығы», «Ақмеші жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛҒЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА

Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:

- Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;
- Қайғы-қасіретке ұшырау;
- Маскүнөмдік (суретке қарап та емдейді);
- Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;

- Жұбайлардың көтіп қалуы;
- Белсіздік, баласыздық;
- Жалғыздық, некесіз тұру;
- Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;
- Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;
- Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.

✉ Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп өдік.

Құрметпен, Думайбековтер отбасы.

✉ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің көтіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымының қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.

✉ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуіміз үйден бөтен әйел ормалы мен қара кіппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға

басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.

✉ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Диана.

✉ Маскүнөмдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиганда бәрі де көш болды. Ішуді өздігімен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.

✉ Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышымен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыпта-сып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқан-нан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуіміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқы-ныштан кекештеніп қалды. Жәй өзіндегеннен қорқатын



Ассоциация народных целителей Казахстана (сертификация №8994 от 19.03.15)

Анна Сіздерді мамырдың 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, Анна деген жазу ілулі тұрады, Болашақ аялдамасы).

Анна деген жазу ілулі тұрады, Болашақ аялдамасы).

● МЕРЕКЕ

МӘДЕНИЕТ - МӘҢГІЛІК, ӨНЕР - ӨМІРШЕН

Әрбір елде мәдениет саласының алар орны айрықша. Мәдениеттің қандай қоғамда болмасын атқаратын қызметтері жеткілікті. Осы арайда «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Елбасы Жарлығына сәйкес мамыр айының 21-жұлдызы «Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні» болып белгілен болатын. Бұл Президентіміздің мәдениет саласына ерекше көңіл бөлгендігі деп санаймыз. Сондықтан бүгінгі әңгіме ауданымыздағы мәдениет саласының тыныс-тіршілігі бағытталмақ.

Мәдениет ошақтарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін аудандық мәдениет орталығына жылжымалы сахна, жарық беру аппаратурасы, «LED» экран, ауылдық мәдениет үйлері мен клубтарға музыкалық аспаптар, театр креслолары, сахналық киімдер алынды.

«Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаражатқа Бекарыстан би, Қожабақы ауылдық мәдениет үйлері мен Өркендеу, Қ.Пірімов ауылдық клубтарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қайта салуға жатқызылған Түктібаев ауылындағы 150 орындық тіптік клуб 2014 жылы ашылып, өткен жылы Абай ауылынан да осындай клуб үйі пайдалануға берілді.

Бүгінгі таңда мәдениет үйлері мен клубтар жанынан үйірме кестесі бекітіліп, ән, би, драма, домбыра, терме, көркемсөз оқу секілді 114 үйірме жұмыс жасайды. Оларға 1308 қатысушы тартылған.

Барлық мәдениет үйлері мен клубтарда, музей-кітапханаларда ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық, Жалантөс Баһадүр Сейітқұлұлының 440 жылдық, ҚР еңбегі сіңген өнер қайраткері, композитор Кенес Дүйсекевтің 70 жылдық мерейтойларына орай және басқа да түрлі форматта жоспарға сәйкес аудандық, аймақтық іс-шаралар өткізіліп келеді.

Осындай тағылымды шаралардың өтуіне үлестерін қосып жүрген ұжымдарға, әсіресе аудандық балалар әуез мектебі директоры Сәукен Әлішқе, аудандық Оқушылар үйі директоры Арман Әуезге, мектеп, балабақша, өзге де мекеме ұжымдарына жұртшылықтың ықыласы зор.

Ал балға көрсеткіштеріне тоқтасақ, Астана қаласында өткен ІХ халықаралық «Ақ көгершін» балалар байқауында Жанай Айдай «Вокал» номинациясы бойынша дипломант атанды. Республикалық «Бала-турквичин» байқауында Кәукей ауылынан Асылайым

Жетесәлі арнайы дипломмен марапатталды. Республикалық Нартай Бексезанов атындағы жұлде үшін «Нартай әндерінен» байқауда Әзілхан Мақсатбаев ІІІ орын иеленіп, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Астана, Алматы қалаларында өнер көрсетіп қайтты. Шымкент қаласында өткізілген ІІІ республикалық «Жұлдызға жол» атты байқауға балалар әуез мектебінің оқушылары қатысып, жұлделі орындар иеленсе, Семей қаласында ІІІ республикалық Лартиф Хамиди атындағы байқауға сегіз оқушы қатысып, барлығы да жұлделі орындармен оранды. Кенес Дүйсекевтің 70 жылдығына арналған «Туған жер» атты облыстық іріктеуден Гүлдана Мұратбай өтіп, республикалық байқауда дипломант атанды. Қызылорда қаласында өткізілген «Әжем айтқан ертегі» атты әже мен немере арасындағы облыстық байқауға Ғ.Мұратбаев ауылдық Мәдениет үйі мен Басықара ауылдық клубынан талапкерлер

қатысып, арнайы дипломмен марапатталды.

Бүгінде аудандық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі бойынша 26 кітапхана халыққа рухани қызмет көрсетеді. Ү.Түктібаев, Абай ауылдық кітапхана тіптік ғимаратқа көшірілді. Жанқожа батыр, Бөзкөл, Өркендеу ауылдық кітапханаларының бөлмелері қайта жаңартылды. Нақты кезінде аудандық орталық кітапхана, қалалық кітапхана, қалалық балалар кітапханасы, Ғ.Мұратбаев, Ү.Түктібаев, Жанқожа батыр, Жалаңтөс батыр, Қ.Пірімов, Бірлік ауылдық кітапханалары қажетті компьютермен жабдықталып, интернет желісіне қосылып, «РАБИС» бағдарламасымен жұмыс жасауда.

Ғани Мұратбаев мемориалдық музей қорына 135 экспонат жинақталды. Музейге келушілерге экскурсия жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Сондай-ақ, аудандық тарихи-өлкетану мұражайына экспозициялық құрылыс материалдары алынып, Ғ.Мұратбаевтің мемориалдық музейінің қорындағы өлкеге қатысты 4015 экспонат аудандық қаржы бөлімінің бұйрығымен мұражай төңіріміне берілді.

Бүгінде ауданымызда 5 республикалық дәрежедегі, 61

жергілікті санаттағы және 24 алдын ала есепке алынған 90 тарихи-мәдени ескерткіш бар. 87 ескерткіш төңіріміне алынып, қорғау тақталары орнатылып, төл құжаттары жасалды. Алдын ала тізімге алынған 10 ескерткішке жергілікті дәрежедегі мәртебе берілді. «Жеңіс» саябағындағы аудандық мәдениет Орталығының алаңына КСРО халық әртісі Роза Бағланованың бюсті орнатылса, өткен жылы Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңында 11 ауылдық округте «Жеңіс жұлдызы» ескерткіш-стелласы орнатылды. «Жеңіс» саябағындағы «Тағзым алаңы» абағтандырылды. Өйтеке би кентіндегі және ауылдық округтерде Ұлы Отан соғысының жеңісіне арналған ескерткіш-белгілерге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сөз соңында мәдениет саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, ел мүддесі жолында аянбай еңбек етуге шақырамын.

Толыбай ЖҰСПОВ,
Қазылы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

«ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТ»



Осы аптада Қызылорда қаласындағы №212 мектеп-гимназиясында оқу жылының қорытындысы бойынша «Жұлдызды сәт» іс-шарасы болып өтті.

Шарада пәндер бойынша республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиада жүлдегерлері, ғылыми жоба, интеллектуалдық сайыстар жеңімпаздары, өнер мен спортта жетістікке жеткен мектеп оқушылары марапатталды. Сондай-ақ, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ұрпақ тәрбиесі мен білім беруіде өлшеусіз үлес қосқан ата-аналар да құрметке бөленді. Салтанатты рәсімге ардагер ұстаздар, ата-аналар қатысты. Жұлдызды жаңған жандарды мектеп директоры Кабира Тілеуова мен ардагер ұстаз Шәймерден Төкенов марапаттап, өз құттықтауларын жеткізді.

Н.ТАСТЕМІР.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Биыл 18 мамыр – Халықаралық музейлер күні ерекше аталып өтілді. Ерекшелігі сол, шығармашылық иелері төл мерекелері қарсаңында қайырымдылық жасауды естен шығармады. Көркемсурет галереясы Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушілеріне қуаныш сыйлады. Қыл қаламды серік еткен жас суретшілерге «Қазақстан менің елім» атты сурет байқауын өткізді. Ұйымдастырушылар осылайша балалардың бойындағы еліне деген сүйіспеншілігі мен өнерге деген құштарлығын оятуды мақсат етіп отыр. Сайыс барысында қатысушылар да анып қалмай, балалық қиялдарынан туған дүниелерін қазылар алқасына ұсынды. Оның қорытындысы бойынша оларға арнайы жұлделі орындар беріліп, дипломдармен марапатталды. Сондай-ақ кітаптар табысталды. Одан өзге галереядағы туындыларды тамашалауға келген балалар тың ақпараттармен сусындан, рухани азық алды. Жиын соңында «Атамекеннің» 45 тәрбиеленушісіне бағалы сыйлықтар үлестірілді.

МУЗЕЙ ТҮНІ

Халықаралық музейлер күніне орай мұражай қызметкерлері «Музей түні – 2016» шарасын өткізді. Кешкі сағат алты мен он екіге дейінгі аралықта онда келушілер қарсы қалып болды. Төл мереке иелерін құттықтаушылардан өзге жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары да ондағы құнды жәдігерлермен танысты. Жергілікті колонер шеберлерінің туындыларынан көрме-жәрменке ұйымдастырылды. Келушілер музей қорындағы бұйымдардан өзге Түркістан тарихи, мәдени және этнографиялық орталығы қорындағы мол мұраларды насихаттайтын «Тәуелсіздік тірегі – Мәңгілік ел» атты жылжымалы көрмені тамашалау мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ, «Музей және мен» фотоаттәсілімен келушілер өткен дәуірдің киім үлгілерін киіп, тұтыған заттарын ұстап, зергерлік бұйымдарын тағып суретке түсті. Одан өзге ұлттық ойындар ойнатылып, интерактивті байқау өткізілді. Жастар флешмооб ұйымдастырып, тамашалаушылар қосыла биледі. Ал график-суретшілер лазерлік шоу жасап, «Естелікке портрет» деген ұранмен келушілердің қалауы бойынша суреттерін де салып берді. Осылайша, мұражайдағы бір түн жиналғандарды бір сергітіп, керемет көңіл-күй сыйлады.

М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.

ТАРИХ БАСТАУЫ

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің Ақмешіт филиалында 18 мамыр – Халықаралық мұражай күніне орай «Музей тарих бастауы» атты мерекелік ашық есік күні ұйымдастырылды. Шараға қаладағы жоғары және арнаулы оқу орындарының тарихшы ғылыми қызметкерлері, студенттер мен №8 орта мектеп оқушылары қатысты. Мерекелік шара барысында музей алаңында «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» атты сайыстар ойнатылды. Сонымен қатар оқушыларға музей залдарында экскурсия жүргізіліп, викториналық сұрақтар қойылды. Мұражай менгерушісі Нұрия Сахыбайқызы барша келген қонақтарды мерекелен құттықтап, белсенді қатысушыларға кітаптар табыстады. Шара аясында мұражай тынысынан бейнебаян көрсетіліп, соңы өнер мектебі оқушыларының қатысуымен мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты.

Аида МҰХТАР,
ҚМУ-дың 2-курс студенті.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының аграрлық-маркетингтік жүйесі арқылы құрылған азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр.

Жүргізілетін мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ер арзан өнімдері облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендеті сауда үйлері мен базарларынан алуда болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда қаласы. «Дамид» әлеуметтік дүкендерінде күрші – 165, жұмыртқа – 17, пія – 40, картоп – 45, пія – 40, қант – 230, өсімдік майы – 365, І сұрыпты үй 73 теңгеден сатылады.

«Мирас» сауда үйінің алаңында орналасқан қоймада картоп – 80, пія – 75, сөбіз – 95, қырыққабат – 35 қырыққабат 90 теңгеден сатылады.

Арал ауданы. Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Саян ата», «Қуантқан» дүкендерінде күрші – 180, картоп – 80, пія – 90-100, сөбіз – 120, қызылша – 150, жұмыртқа – 230, қарқарық – 230, өсімдік майы 360 теңгеден, «Алтай» базарының жанындағы жеке кәсіпкер Р.Қоңырбаевтың дүкенінде картоп – 80, пія – 80, сөбіз – 90-100, қырыққабат 50-60 теңгеден сатылады.

Қазылы ауданы. «Әлеуметтік сауда дүкені» картоп – 80, пія – 80, сөбіз – 90, қызылша – 100, сұяр еті – 1050, қой еті – 1100, қарқарық жармасы – 230 теңгеден сатылып жатыр. «Фей перизат» сауда үйінде қырыққабат – 50, пія – 80, сөбіз – 70, сөбіз – 80, қызылша 90 теңгеден сатылады.

Қармақшы ауданы. «Сұлтани» сауда орталығы. «Орда» көтерме сауда орталығы

және «Жандос» дүкендерінде картоп – 70, сөбіз – 90, жүз – 65, жұмыртқа – 22, І ұрыпты үй – 57, нан – 45, тауық еті – 500, қант – 220, өсімдік майы 360 теңгеден сатылады.

Жалағаш ауданы. «Байтерек», «Жібек» базарларында өсімдік майы – 360, картоп – 65-70, сөбіз – 90, пія – 60, жұмыртқа – 22, «Ақниет», «Айдана» және «Қарақо» дүкендерінде І сұрыпты бидай ұны – 60-95, нан – 47, жұмыртқа – 22, өсімдік майы – 360, пія – 60, сөбіз – 90, картоп – 65, тауық еті 500 теңгеден.

Сыртария ауданы. «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде нан – 45, өсімдік майы – 330-380, қант – 200-220, картоп – 60-90, сөбіз – 85-90, пія – 55-75, тауық еті – 40-55, жұмыртқа – 24 теңге, «Бакытжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 22-25, өсімдік майы – 350, қант 200-220 теңгеден сатылады. «Коммуналық» базарында І сұрыпты бидай ұны – 57, нан – 45, өсімдік майы – 380, қант – 220, жұмыртқа – 24, тауық еті 550 теңге.

Шіелі ауданы. «Ә.Шорабаев» базарында картоп – 70, пія – 50, сөбіз – 80, қырыққабат – 60, өсімдік майы – 350, қант – 220, жұмыртқа 10 данасы – 210, тауық еті – 500, еті – 1100, тұз 35 теңгеден. Сонымен қатар, І сұрыпты бидай ұны 64-92 теңгеден сатылып жатыр.

Жаңақорған ауданы. «Мағжан», «Зангар», «Сырдария», және «Нұрсылық» дүкендерінде І сұрыпты үй – 74-86, нан – 40-55, өсімдік майы – 310-390, картоп – 70, пія – 75-80, сөбіз – 100, тауық еті – 520 теңге, жұмыртқаның 10 данасы 60 теңге болса, «Нұр» базарында ет – 1000-1200, жұмыртқаның 10 данасы – 160, жүз – 80, сөбіз – 100, картоп 70 теңгеден сатылады.

Құрметті қызылордалықтар мен қала қонақтары!



Қызылорда облыстық татар қоғамдық-мәдени орталығы сіздерді 22 мамыр, сағат 11.00-де қалалық демалыс паркінде өтетін «Сабантуй-2016» мерекесіне шақырады.

Шараға Қазақстан Республикасындағы Татарстан Республикасының өкілдігінен қонақтар шақырылған, концерттік бағдарламаға Татарстан Республикасы мен Ақтөбе қаласының артистері қатысады.

Мерекелік шараның бағдарламасында: «Татарча көреш», гір көтеру, арқан тарту, қол күресі, жастықпен бөренеді күресу, ыдыс сындыру, қаппен жүгіру, иінағаш, шелектермен жүгіру, жұмыртқамен жүгіру, сыйлықты кесіп алу. «Татарша көреш» сайысына Астана қаласынан жоғары салмақ дәрежедегі спортшылар қатыспақ.

Жеңіске жеткендер бағалы сыйлықтар және ынталы сыйлықтарға ие болады.

Сонымен қатар, мерекелік шарада қолдан жасалған татар ұлттық әйелдер бас киімі, татар ұлттық тағамдарынан көрме-сатылым ұйымдастырылады.

Ұйымдастыру комитеті.

САТЫЛАДЫ

Кой қырқым машинасы МСУ-200, қосалқы бөлшектер (пышақ, тарақ, қайрақ ТА-1, преобразователь (ток беретін) ПЧСФ), агрегат 1-2000 сатылады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Д.Алисов көшесі 70. Байла- ныс тел.: 27-17-52,8 705 722 21 99, 8 747 603 68 74.

ШАҒЫН КӨЛЕМДІ КЕМЕЛЕР ИЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА

Шағын көлемді кемелерді кеме кітабында мемлекеттік тіркелгеннен, борт нөмірлерін жазылғаннан және техникалық куәландырудан өткеннен кейін, сондай-ақ, жолаушылар сыйымдылығы, жүк көтергіштігі, шекті қуаты және қозғалтқыш саны, жүзу ауданы, кеме жүзе алатын толқын биіктігі бойынша белгіленген техникалық талаптарды сақтай отырып, сигнал оттармыен, құтқару, өртке қарсы және навигациялық құралдарымен жабдықталғанын кейін пайдалануға рұқсат беріледі.

Осыған орай, шағын көлемді кеме иесінің өтініші негізінде Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясымен бастапқы, жыл сайынғы техникалық куәландырулар жүргізілетінін хабарлайды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі 24 а. телефон: 27-87-70. Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы.

13-19 мамыр аралығында Қызылорда облыстық филармониясы Өзбекстан елінде гастрольдік сапармен болып қайтты. Қазақстан және Өзбекстан Республикалары Тәуелсіздігінің 25, өзбек халқының ұлы ақыны Ә. Науаидың 575, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығына араластырылып және екі ел арасындағы достықтың, бірлік пен ынтымақты нығайту мақсатында ұйымдастырылған өнер сапары облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен өтті.

СЫР ӨНЕРПАЗДАРЫ ӨЗБЕКСТАНҒА САПАРЛАДЫ



Өзбекстан халқы Сыр елінің өнерпаздарын жылы қарсы алды. Көрші мемлекеттегі алғашқы концерт 13 мамыр күні Ташкент қаласындағы «Түркістан» сарайында болды. Мұнан кейінгі шара 14 мамыр күні Самарканд қаласында жалғасып, экскурсия ұйымдастырылды. Қызылордалық өнер ұжымы Науаи қаласында да концерт берді. Келесі күні Нұрата ауданында орналасқан Өйтеке би кесенесіне зиярат етіп, Гагарин қаласы тұрғындарына өнер көрсетті. Бірнеше күнге созылған сапардың соңғы күнінде Ташкент облысы, Тойтөбе қаласында қорытынды концерт

койылды.

Өзбек еліне облыстық филармония ұжымын директорының орынбасары Азиза Іздіқұлова және облыстық өзбек этно-мәдени қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ашур Хамидов бастап барған болатын. Концертте ҚР еңбек сіңірген әртісі Күлән Қалымбетова, ҚР Мәдениет қайраткері Үміт Медеуова, «Тұран» триосы, «Томирис» би ансамблі, жырыш Марат Сүгірбай және Бекзат Молдабергенов, Олжас Нұрәлиев, Назерке Нұрадинова және Гауһар Бисекенова өнер көрсетіп, өзбек халқын ән мен жырта бөледі.

Сара АДАЙБАЕВА.

ОТБАСЫМ – ТІРЕГІМ

«Достық үйінде» Қазақстан халқы ассамблеясы ұйымдастыруымен «Отбасым – тірегім» атты үлгілі отбасылармен кездесу өтті. Шараға облыстық ассамблея хатшылығының басшысы Ләйла Төрешова, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері жөніндегі комиссия хатшысы Бибігүл Ұмбетова және «Сыр аналары» қоғамдық қорының төрайымы Нұрсәуле Мұсаева қатысты. Жұмырда Қызылорда қаласы мен Жалағаш, Жаңақорған және Шіелі аудандарынан отбасы құндылықтарын қастерлеп, өз ауыл-аймағында берекелі шаңырақ ретінде ерекше белгеле не болған отбасылар келіп, оларға құрмет көрсетілді.

Жиында облыстық ассамблея хатшылығының басшысы Ләйла Беғалықызы қатысушыларды құттықтап, үлгілі отбасыларға естелік сыйлықтар табыстады. Мұнан соң облыстық «Қазақстан көркістер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Юрий Ким отбасылық тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ, ол 130-дан астам этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқанына тоқталып, қазақ халқына шексіз ризашылығын білдірді. Шара барысында барлық қатысушылар өз ойларын ортаға салды.

Бағжан АНУАШБЕКОВА,
ҚМУ-дың студенті.

«Халықтың неғұрлым осал топтарын және, жергілікті халыққа экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметтерді көрсетуге инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы Қызылорда облысының әл-ауқаты мен өмір сапасын арттыру» БҰҰ Бірлескен бағдарламасы шеңберінде БҰҰ Даму бағдарламасы (Қызылорда облысы үшін Бірлескен Бағдарлама) гранттық конкурсы жариялайды.

Гранттық конкурстың мақсаты: БҰҰ Бірлескен бағдарламасының қаражаты есебінен облыстың Қармақшы ауданындағы бастама-лық топтардың жобаларын іске асыру үшін Қызылорда облысының коммерциялық емес секторынан серіктесті анықтау. Жобалардың тиімділігін ұлғайту және оларды қамту үшін пилоттық жоспарланған аудандардың жергілікті бюджеттерінен қосымша қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Конкурсқа ұсынылатын жобалар бағыты:

- ауылдың немесе округтің кәсіргі әлеуметтік проблемаларын шешу, жеңілдету;
- аудандағы тұрақты оң әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің пайда болуы;
- халықтың әлеуметтік-қорғалмаған топтарының және ерекше қолдауды қажет ететін адамдардың өмір сапасын жақсарту, сапалы әлеуметтік және экономикалық қызметтерге қолжетімділігін арттыру;
- халықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін энергияны тиімді қолданатын технологияларды және жабдықтарды енгізу.

Өтінімдерді қабылдау мынадай мекенжай бойынша: **2016 жыл 3 маусым, 17.00 сағатқа (жергілікті уақыт) дейін** жүзеге асырылатын болады: Қызылорда ж., Жұрба көш., 12, 301 офис, Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы (жолалысы төленбейді).

Конкурс туралы қосымша ақпарат Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасының www.undp.kz сайтындағы (тендерлер) бөлімде орналасқан.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы облыс тұрғындары үшін «БИЗНЕС-МЕКТЕП» компоненті бойынша оқу жүргізеді. Оқу кызметі Қызылорда қаласындағы Қызмет көрсету орталығында және облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

«БИЗНЕС-КЕҢЕСШІ» жобасы – әрекет етуші және кәсіпті жанадан бастаған кәсіпкерлерге, сонымен қатар кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға қысқа мерзімді кәсіпкерлікті жүргізу негіздерін оқытуды қарастырып;

«БИЗНЕС-ӨСҮ» жобасы – «Бизнес-кеңесші» жобасы бойынша курстардан өтуі жөніндегі сертификатты алған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға арналған, оның ішінде функционалдық бағыттар бойынша (кәсіпкерлердің таңдауы бойынша тізбеге сәйкес) қысқа мерзімді кәсіпкерлік қызметті жүргізу және дамыту оқытуды қарастырып;

«Тәлімгерлік қағидаларын қолданатын ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ» - «Бизнес-кеңесші» жобасы бойынша курстардан өтуі жөніндегі сертификатты алған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарды қайтарымсыз негізде, білім алушылармен оқу аяқталғаннан кейін бизнес-жоспарлар жасап, қорғауды қамтитын кәсіпкерлік қызметтің функционалдық бағыттарын жүргізу мен дамыту бойынша кәсіпкерлерді жобалық оқытуды көздейді.

ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.
Оқу кестесі kyzylorda.palata.kz САЙТЫНДА орналастырылған. Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02
Call-Center - 597960

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

Сыр Медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханат және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнамалар - 70-00-49, 70-00-52